

ҚҰМАР ОЙЫНҒА ҚАРСЫ ШАРА ҚАЖЕТ



Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында халық арасындағы құмар ойынға тәуелділік мәселелері қарастырылды.

— Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды, — деді Президент.

Президент осы жаман әдетке, әсіресе жастар арасына екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды.

— Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс, — деді Президент. Осыған байланысты Мемлекет басшысы салалық министрліктерге нақты міндеттер жүктеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құмар ойынға тәуелді азаматтардың қатысы бар қылмыстар көбейгеніне құқық қорғау органдарының назарын аударып, алдын алу жұмыстарын жүргізіп, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді.

Президент елімізде лудоманияның белең алуына қарсы бағытталған әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда қоғамның, дін қызметкерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі ерекше екенін атап өтті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ойын бизнесі саласындағы қаржылық және басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын жандандыру қажет екеніне назар аударды.

— Барлық қаржы қозғалысын қадағалап, заңға қайшы әрекет анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдау маңызды, — деді Президент.

Жиын барысында Үкімет мүшелері мен бірқатар мемлекеттік орган басшылары баяндама жасады.

Кеңес отырысының қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев халық арасындағы құмар ойынға тәуелділікпен күресу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық-идеологиялық шаралар кешенін қабылдауды тапсырды.

ҰЛТТЫҚ БАНККЕ ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ ЖОҒАРЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банктің басшылығына жаңа төраға Тимур Сүлейменовті таныстырды. Президент жаңадан тағайындалған басшының қаржы-экономикалық бағытта мол тәжірибесі бар екенін және қаржы реттеушісінің қызметін жетік білетінін атап өтті.

Мемлекет басшысы атқарған жұмысы үшін Ғалымжан Пірматовқа алғыс айтып, қабылданған шаралардың нәтижесінде макроэкономикалық, қаржылық тұрақтылық қамтамасыз етілгенін атап өтті.

Президент Ұлттық банкке инфляцияны төмендету, қаржы технологиялары мен инновацияны дамыту және келесі жылы ұлттық төлем жүйесін толыққанды іске қосу жөнінде маңызды міндеттер жүктелгенін хабарлады.

— Біз бизнесті жеткілікті дәрежеде несиелендіруді қамтамасыз ету міндетін көтергенімізге бір жыл ғана болған жоқ. Бұл жұмысты жеделдету қажеттігі жөнінде мен Қазақстан халқына Жолдауымда мәлімдедім. Аталған мәселе бойынша тенгерімді шешім табу, жана тәсілдерді, құралдар

мен тетіктерді енгізу ісін белсенді түрде ынталандыру маңызды. Халықаралық қаржылық ынтымақтастыққа және Ұлттық банктің үшінші елдердің орталық банктерімен және қаржы институттарымен өзара іс-әрекетіне қатысты мәселелерге ерекше назар аудару қажет. Қазіргі геосаяси жағдайда еліміздің қаржы жүйесіне жаһандық реттеушілердің қызығушылығы артып келеді. Сондықтан осындай қарым-қатынас орнатуда тенгерімді әрі тиімді жол табу және елдің қаржылық қауіпсіздігі үшін тәуекелдер мен салдарға тиісті баға беруді қамтамасыз ету маңызды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банктің ұжымы жүктелген барлық міндетті жүзеге асыра алатынына сенім білдірді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРГЕ ДАЙЫН БОЛУ КЕРЕК



Мемлекет басшысы Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиевті қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның сыртқы серіктестерімен арадағы тауар айналымын арттыру және экономикалық сын-қатерлерге орай шұғыл әрекет ету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Президент қазақстандық экспорт үшін жаңа өткізу нарықтарын қарастыру барысында министрлік белсенді жұмыс істеуі қажет екеніне назар аударды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы халықаралық нарықтарда ұлттық экономикалық мүддені қорғау, импортпен орнықты бәсекелестікті қамтамасыз ету және отандық тауар өндірушілерді қолдау қажеттігін айтты.

ЖОЛДАУ – АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ



Кеше «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру барысы туралы партия активімен кеңес өткізді.

Жиынды ашқан партия Төрағасы Жолдау Мемлекет басшысының елімізде кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқан ауқымды әрі маңызды реформаларының жалғасы екенін және оны тарихи деп атауға болатынын атап өтті.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Тимур Мұратұлы Сүлейменов Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Канат Бисимбайұлы Шарлапаев Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұржан Молдиярұлы Нұржігітов Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Айдарбек Сейітіұлы Сапаров Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының өкімімен Канат Алдабергелұлы Бозымбаев Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі лауазымына тағайындалды.

Сіз не дейсіз?

**Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ, Мәжіліс депутаты:
ТҮРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ ТЫМ
ТЕРЕҢДЕП КЕТТІ**

Жақында Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Кәметке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін» деді. Шындығында да, соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл болмаудың салдарынан жуан жұдырықтан жәбір көргендерден соғылатын қоңырау мен суицид фактілері де жиілеген. Ішкі істер министрлігінің дерегіне сенсек, отбасылық зорлық-зомбылықтан жапа шеккен 10 адамның екеуі ғана құқық қорғау органдарына жүгінеді. Қылмыстың алдын алуда атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, Алайда арызданушылардың ісі аяқсыз қалатыны тағы бар. Зорлық-зомбылықты алдын алу жұмысы неге тиімді нәтижесін бермей келеді? Сауалымызды Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиевке де қойып көрдік.

(Жалғасы 2-бетте)



ОҚУЛЫҚСЫЗ, ФОРМАСЫЗ БАЛА ҚАЙТЫП КҮН КӨРЕР?



5
БЕТ

АГРООРТАЛЫҚҚА АЙНАЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ – ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ



6
БЕТ





ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ТАҒАЙЫНДАУҒА КЕЛІСІМ БЕРДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасын тағайындауына келісім беру туралы мәселені қарады.

Конституцияға сәйкес Президенттің Ұлттық банк төрағасын тағайындауына келісім беру Сенаттың ерекше қарауына жатады.

Соған байланысты Мемлекет басшысының Ұлттық банк төрағасы лауазымына Тимур Сүлейменовті тағайындауға келісім беру туралы ұсынуын

Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов оқып берді.

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов ұсынылған кандидатураны алдын ала комитет отырысында қаралып, талқыланғанын, соның нәтижесінде Сенатқа Президент ұсынуын қолдауға ұсыныс беру туралы шешім қабылданғанын атап өтті.

Осыған орай палата отырысында Сенат депутаттары Мемлекет басшысының Ұлттық банк төрағасы қызметіне Тимур Сүлейменовті тағайындауына келісім берді.



(Басы 1-бетте)

— Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы нақты тапсырма жылда беріледі. Бірақ осы уақытқа дейін елдегі зорлық-зомбылыққа тап болған әйелдер мен балалардың саны артпаса, азаймаған. Қалай ойлайсыз, мәселе құқық қорғау жұмысының әлсіздігі ме, әлде заңдағы жауапкершіліктің жоқтығынан ба?

— Тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғамдағы ең сорақы, ең сұмдық дүниеге айналды. Әуелде әр тұстан бір шығатын шуды естіген ел жағасын ұстайтын, ал қазір балалар мен әйелдерге қарсы жасалған қылмыстарды көріп-білгенде айтарға сөз қалмайды. Өкініштісі, жыл тұрмақ ай өткен сайын аталған қылмыстың саны көбейіп барады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған мәселеге бейжай қарамайтынын әуел бастан аңғартты. Биылғы Жолдауында да «Мен Мемлекет басшысы ретінде мәселетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жаза күшейтуді талап етемін. Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек», — деді. Бұл тек мәселені шара қолданындар дағын сырғытпа сөз емес. Нақты тапсырма. Президент «жазаны күшейтуді талап етемін», — деді. Құқық қорғау орындары енді дереу қызметке кірісуі керек, қажет болса, тиісті заңды қабылдау керек.

— Қазір отбасылық қорлықтан кейін өз-өзіне қол салатын қыз-келиндер артып отыр. Осындай жағдайда кінәлілерді жауапқа тартқызу тағы қиын. Одан бөлек, күйеуінен жәбір көрген, соққыдан көз жұмған марқұмға жасалатын сот сараптамаларына да күмән көбейіп отыр. Бұл орайда заң шығарушы орган өкілі ретінде заңға қандай өзгеріс енгізу керек деп ойлайсыз?

— Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы ұсыныстарды нақтылап, қол қойып, мөрмен бекітіп қузырлы орындарға жібергенімізді айттым. Оқу жылының аяғында елімізде көмелетке толмағандарға қарсы әлімжеттіктің, зорлық-зомбылықтың көбейгенін білеміз. Соған қатысты 20 сәуірде депутаттық сауал жолдаған едім. Сол жерде нақты ұсыныстарды айттым. Өкінішке

Сіз не дейсіз?

**Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты:**

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ ТҮМ ТЕРЕҢДЕП КЕТТІ

сында, бұған дейінде құзырлы орындарға тұрмыстық зорлық-зомбылықты тоқтату туралы талап тапсырма берілді. Бірақ бұл дерттің әлі де толық жойылмауы құқық қорғау органдарының жұмысында қателік көп екенін аңғартады. Өйткені Президент бұл мәселені бірінші рет айтып тұрған жоқ. Жолдаудағы нақты тапсырма соңғы нүкте деп білемін. Сол себепті бұқара мен билік бірге қызмет етіп проблемаға қарсы заңды қатайтып, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау ешкімнің өні түгелі түсіне кірмейтіндей қылуы керек.

— Екі жыл бұрын «Отбасылық зорлық-зомбылық» заң жобасының соңы үлкен дауға айналып, соңы сұрықшымшақтанып кеткен еді. Осы заң жобасымен танысыңыз ба? Өзіңіз де тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауымыз керек екенін айтқан едіңіз. Нақты қандай алдын алу шарасы қажет деп санайсыз?

— Иә, 2 жыл бұрынғы шу есімде. Ол кезде мен де ақпарат майданында өздеріңізбен үзгені қағыстырып жүрдім. Сол кезде заңды егжей-тегжейлі түсінбеген топтардың елдің арасында дүрбелең салғанын білеміз. Бірақ бұл жерде жауапкершіліктің бір жағы құзырлы орындарда. Өйткені кез келген өзгерісті жасарда қоғаммен ақылдасып, сарапшылармен кенесіп жүзеге асырса ел де құлақтанып отырар еді. Сондықтан ақпараттандыру тұрғысында жіберілген қателік енді қайталанбайды деп сенемін.

— Қазір отбасылық қорлықтан кейін өз-өзіне қол салатын қыз-келиндер артып отыр. Осындай жағдайда кінәлілерді жауапқа тартқызу тағы қиын. Одан бөлек, күйеуінен жәбір көрген, соққыдан көз жұмған марқұмға жасалатын сот сараптамаларына да күмән көбейіп отыр. Бұл орайда заң шығарушы орган өкілі ретінде заңға қандай өзгеріс енгізу керек деп ойлайсыз?

— Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы ұсыныстарды нақтылап, қол қойып, мөрмен бекітіп қузырлы орындарға жібергенімізді айттым. Оқу жылының аяғында елімізде көмелетке толмағандарға қарсы әлімжеттіктің, зорлық-зомбылықтың көбейгенін білеміз. Соған қатысты 20 сәуірде депутаттық сауал жолдаған едім. Сол жерде нақты ұсыныстарды айттым. Өкінішке

қарай, Үкімет үйренген жолынан айнамай сырғытпа жауап берді. Жауаптарына «ұсыныстардың қабылдануын талап етеміз» деп ең төменгі баға қойып қайтардым. Үкімет ескертуді ұқты, енді бірігіп қызмет етеміз. Бұл мәселенің өте өзекті екенін Президенттің биылғы Жолдаудағы «Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуіне арналған бағдарлама әзірлеу керек» деген сөзінен аңғаруға болады. Депутаттың сауалына сырғытпа жауап берген Үкімет енді ұйқысынан оянар деген үміттеміз.

— Полицейлердің арасында арызды тіркемейтіндері бар. Тіркесе де нақты қылмысты негізге алмайды. Мәселен, «тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша тіркелген істердің 50 пайыздан астамында полиция қызметкерлері өздері заңсыз әрекеттер жасайды» дегенді айтады адвокаттар. Әйелін қасақана өлтірген күдіктіге жеңіл жаза беретін судьяларға қандай жауапкершілік қарастырылғаны дұрыс?

— Бұл да өте өзекті мәселе. Құқық қорғау саласындағы кей қызметкерлердің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған жандардың шағымна аусті қарағаны туралы арыз көп. Бұл — сорақылық. Заңды қатайтқанда тек қылмыскер ғана емес, арызды қабылдамай немқұрайлық танытқан құзырлы орын өкілі де қатаң жазаға тартылатындай норма енгізу қажет. Жауапшыдағы азаматшалардың арызсы бар екенін, депутат ретінде менімен кездескілері келетінін журналист әріптестерім айтты. Жұмыс кестесінде мүмкіндік болған сәтте жанымна жангерлерді алып жаза-сын өтеп жатқан азаматшалармен кездесу жоспарыма бар.

Меніңше, әлімжеттік фактілерін біле тұра жасырып қалған қызметтегі азаматтарды да жазаға тарту қажет. Оған қоса, балаларды қорлап жатқан кезде араша түсудің орнына сол әрекеттерді бейнетаспаға түсіріп жариялаған адамдарды да, айыпты оқушылардың ата-аналары да тиісті жауапкершілікке тартылуы тиіс.

Сұхбаттасқан
Жадьра МУСІПМ



**Нұртай САБИЛЬЯНОВ,
Мәжіліс депутаты:**

БӘСЕКЕ АРТСА — БЮДЖЕТКЕ ПАЙДА

— Кәсіпкерлікті қолдау арқылы экономикамызды дамыта аламыз. Сол үшін өндіріс саласын дамыту маңызды. Ал кәсіпкерлерге ең керекті — жеңілдетілген несие. Бұл — осы салаға салынатын қаражат. Президент өз Жолдауында банктерге қойылатын талапты күшейтіп, шетелдік банктерді елімізде жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр. Бұл — өте дұрыс маңызды шешім. Себебі банктердің арасында бәсеке болған кезде олардың беретін пайызы да төмендеуі керек. Әйтпесе, қазір бизнесті қаржыландырып, кәсіпкерлікті қолдау үшін банктердің жоғары пайыздарын

мемлекет өз есебінен жауып отыр. Кәсіпкерлер банктен 22 пайызбен қарыз алатын болса, оның 14 пайызын мемлекет жауып береді. Банк мемлекет есебінен де пайда тауып жатыр. Сол үшін мемлекет есебінен банкті қаржыландыруды тоқтату қажет. Яғни, қойылатын талап күшейіп, банктер бәсекеге түссе, мемлекет жеңілдетілген несие беру жүйесін қалыптастыра алады. Сондықтан шағын кәсіпкерлікке 5-6 пайыз, ірі кәсіпорындарға 7-8 пайызбен несие беретін жүйеге көшкеніміз дұрыс. Сонда ғана экономика алға жылжиды.

Салыққа қатысты мәселе де өте өзекті. Мәселен, қосымша құн салығын қайтару өте күрделі.

Мәселе бар. Дегенмен Жолдауда бұл туралы да жақсы дүниелер айтылды. Енді жергілікті бюджетке түсетін салыққа жеңілдіктерді беруді жергілікті атқарушы органға тапсырды. Олар өз кезегінде жергілікті мәслихатпен бірігіп кімге жеңілдік жасайтынын шешеді. Бұл кәсіпкерлердің де жұмысын жандандыруына септігін тигізеді. Оған жергілікті атқарушы орган да мүдделі. Себебі кәсіпкерліктен түскен қаражат сол жақтың бюджетіне түседі. Салық саясатына қажетті жаңа жүйені енгізу туралы тапсырма да уақыт күттірмейтін шешілуі керек. Осы арқылы көп мәселе шешімін тауып кетеріне сенім мол.



**Қайрат БАЛАБИЕВ,
Мәжіліс депутаты:**

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ

пы барлық дерлік салада айтарлықтай даму байқалмады. Президент өзі бастап жұртшылықтың ұлттық табыстың игілігін көру үшін күрделі мәселелердің нақты шешу жолдарын көрсетті. Енді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртарапандыру және инфляцияны қолға алды. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету — жалақы, жұмыссыздық, баға, табыс, инфляция, салық сияқты дүниелер мемлекет деңгейінде қарастырылатын экономикалық рәсімдер. Экономиканы әртарапандыру жан-жақты дамуға жол ашау тиіс. Ал цифрландыру жүйесі ашықтықты қамтамасыз етеді. Сондықтан дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет екенін айтты.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы еліміз нақты секторға берілетін кредит азайып жатқанда банктер тұтыну несиесімен әуестеніп кеткенін айтты. Осы жағдай азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырды.

«Менің 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз несиесін кешіру туралы шешімін және жақында қабылданған жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселені біршама реттеді. Бірақ ахуалды біржола түзеу үшін жаңа-

дан жүйелі шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар азаматтардың қаржы сауатын арттыру өте маңызды», — деді. Бүгінде «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыруда. Соның нәтижесінде еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Олардың көпшілігі — 10 жас одан да көп несие алған адамдар. Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Осыған орай Мемлекет басшысы Үкіметке «AMANAT» партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырды.

Орта білімнің сапасы — табысты ұлт болудың маңызды шарты. Өскелең ұрпақтың білімді болуы мен жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасайтын «Жайлы мектеп» жобасы бастау алды. Бүгінде осы «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор — балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Әр баланың есепшотына қаражат аударылатынын, жас ұрпақтың болашағына назар салғанын барша балалар мен ата-аналарды қуанытты жатыр. Жолдаудың жақсылығын бүлдіршіндер мен оқушылар, студенттер мен педагогтер, зейнеткерлер, жалпы әлеумет көреді.

ШАНЬДУН ПРОВИНЦИЯСЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МАҢЫЗДЫ

Елімізге Қытайдың Шаньдун провинциясынан делегация келді. Шаньдун — Қытайдың барлық аймақтары арасында ШҰАР мен Пекиннен кейінгі Қазақстанның үшінші сауда серіктесі. Аталған провинция мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы жыл басынан бері 1 млрд долларға құрады. Бұл сапар Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Бір белдеу — бір жол» бастамасының 10 жылдығы қарсаңында өтіп жатыр.



Қытай (Шаньдун) мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық форумында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин 2023 жылдың басынан бері тауар айналымының жалпы көлемі 13,6 млрд долларға құрағанын және оның 6,3 млрд доллары қазақстандық экспорт екенін айтты. Осы ретте Қытайдың Шаньдун провинциясымен тауар айналымы 1,1 млрд доллар болды.

Жалпы, бірінші жартыжылдықта екі ел арасындағы тауар айналымы 20,5%-ға өскен. Бүгінде 1 млрд долларға жуық сомаға 170 тауар түрі бойынша қазақстандық экспортты арттыруға мүмкіндік бар. Осылайша, Серік Жұманғарин Шаньдун провинциясымен ынтымақтастықтың маңызды екенін айтты.

Шаньдун провинциясы Қытайдағы бидай, мақта, ақвакультура және бау-бақша өнімдеріне бай маңызды ауылшаруашылық өндірісі аймағы. Қытайлық компаниялар агроөнеркәсіптік кешенде қолданатын цифрлық технологияларға қызығушылық жоғары. Біздің әлеуетті ынтымақтастығымыз негізгі бағыты — соңғы 10 жылда еліміз ауыл шаруашылығы саласында үлкен экспорттық әлеуетті қалыптастыра алған Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені», — делі оған.

Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары қазақстандық тауарлар Орталық Азия, ЕО және Тауау Шығыс елдерінде сәтті бағыты жатқанын атап өтті. Салтыр Қазақстаннан Қытайға ауыл шаруашылығы тауарларының экспорты 2021 жылмен салыс-

тырғанда 2,5 есе өсіп, 548 миллион долларды құрады.

Сонымен қатар Серік Жұманғарин Қытайға экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін: салқындалатын ет өнімдерін, балық өнімдерін, құс еті мен ішімдіктерді, шошқа етін, жұмыртқаны, жылқы етін және жоғары маржалы тауарлардың басқа да көптеген түрін жеткізудің әлеуеті бұдан да жоғары екенін түсіндірді. Ол агроөнеркәсіптік кешенде цифрландыру саласында тығыз ынтымақтастық орнату қажеттігінде тоқталды.

Өз кезегінде Шаньдун провинциясы Коммунистік партия комитетінің хатшысы, Қытай Халық Республикасы Шаньдун провинциясының халық құрылтайы тұрақты комитетінің төрағасы Лин Ву делегацияның сапары маңызды міндеттерді жүзеге асыру жолындағы нақты қадам екенін айтты.

Қазір Қазақстан мен Қытай арасында индустриаландыру және инвестиция саласында жалпы құны 21 млрд доллардан асатын 52 қазақ-қытай бірлескен жобасы жүзеге асырылуда. 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жалпы сомасы 7,3 млрд доллар болатын 25 жоба іске қосылды. Биыл алты жобаны пайдалануға беру жоспарланып отыр.

ЖОЛДАУ – АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ



(Басы 1-бетте)

«Жолдауда экономикалық дамуымыздың таяу жылдардағы эволюциясы айқындалды. Өте ауқымды, нақты әрі кешенді іс-шаралар жоспарланып отыр. Сонымен қатар Жолдауда жұртшылықты алаңдатып, толғанатын отырған басқа да өзекті мәселелер толыққанды қамтылды. Сондықтан партиямыз үшін Жолдау стратегиялық маңызды құжат болып табылады. Ендігі кезекте, біздің алдымызда Мемлекет басшысының жаңа экономикалық саясатына қолдау көрсетіп, оның сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсаты тұр. «AMANAT» партиясы осы мақсатты жүзеге асырудың алғы шебінде болуы тиіс деп санаймын», – деді партия Төрағасы.

Ерлан Қошанов партиялықтарды Жолдауды жүзеге асыру үшін бүкіл қоғамның күш-жігерін жұмылдыруға шақырды. Ол Жолдауда Мемлекет басшысы су мен газ тапшылығы, инфрақұрылымның тозуы, отандық кәсіпорындарға қолдаудың жеткіліксіздігі, өндірісті дамыту үшін ұзақмерзімді қаржылай қолдаудың болмауы, агроөнеркәсіп секторының проблемалары сияқты еліміздегі бірқатар өзекті мәселені қамтығанын баса айтты.

«Осы мәселелердің барлығы да жұртшылық тарапынан бірнеше рет көтерілді.

Біз партияның барлық деңгейдегі депутаттары арқылы да, партиялық жобаларымыз арқылы да белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Айталық, өткен жылы «Жер аманаты» жобасы аясында 5 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, шаруаларға қайта бөлінді. «Ауыл аманаты» жобасы іске қосылып, оның аясында өз ісін ашу үшін 2,5% жеңілдікпен несиелер беріліп жатыр. Президент аталған жобаның қажет екенін атап өтіп, жеке қосалқы шаруашылықтар кооперациясын ынталандыруды тапсырды», – деді Ерлан Қошанов.

Сондай-ақ партия Төрағасы Мемлекет басшысының халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасын қолдағанын ерекше атап өтті. Енді «AMANAT» осы жобаны Үкіметпен бірге бүкіл ел аумағында кеңейтіп, сапалы іске асырудан айналдырады.

Ерлан Қошанов партияға қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру, сондай-ақ жаңа экономикалық саясатты іске асыруға бағытталған жаңа реттеуші құралдарды құру жөніндегі ұсыныстарды дайындауға атсалысуды тапсырды. «Өнеркәсіптік саясат, сауда, кәсіпкерлік саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Бүгінде салық және бюджет заңнамасы партия алаңдарында қызу талқыланып жатыр.

Ғылым мен инновация, цифрландыру және ақпараттық технологияларды дамыту саласында қосымша реттеуші құралдарды әзірлеу қажет. Президенттің бастамаларын заңнамалық қолдау – біздің фракцияның Мәжілістегі міндеті», – деді партия Төрағасы.

Іс-шара барысында Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов, Мәжіліс депутаттары Екатерина Смышляева мен Мақсат Толықбаев, «AMANAT» партиясының Шығыс Қазақстан облысындағы филиалының төрағасы Сайрангүл Жүмаділова мен Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров сөз сөйледі.

Жиын соңында Ерлан Қошанов партияның Орталық аппараты мен өңірлік филиалдарының алдына бірқатар нақты міндет қойды. Атап айтқанда, Жолдаудың негізгі бағыттары орталық және облыстық деңгейлердегі TALQYLAU және Big Tolqynda диалог алаңдары аясында талқыланады. Партия Кеңестері өз ұсыныстарын дайындауы қажет. Сондай-ақ ол Жолдауда жүктелген міндеттердің орындалуына барлық деңгейдегі мәслихаттардағы партияның депутаттық фракциясы мүшелерінің бір кісідей жұмылып, қатысуын тапсырды.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН НЕГІЗГІ ҚҰЖАТ

Еліміз соңғы екі жылда жаңа кезеңге қадам басты. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», саяси жаңғыру бағдарын қайта жаңғыртты. Осылайша болашағымызды бағдарлап, қадамымызды нықтап алдық. Саяси жаңғырудың келесі бір белесі – экономикалық өзгерістер. Осы орайда Президенттің кезекті Жолдауы алдымызға жұмыр жоспар мен мығым мақсаттарды бағдарлап берді.

Жоспар нақтыланбай, мақсат айқындалмайды. Өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бет бұру мүмкін емес. Қасым-Жомарт Кемелұлы әр Жолдауында дамудың жаңа бағыттарын белгілеп, экономиканы көтеруге ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл ең алдымен, халықтың әлеуметтік жағдайын күшейтуге ықпал етуде.

Жасыратыны жоқ, Мемлекет басшысы белгілеп берген бағыттардың басым көпшілігі жүзеге асты. Мәселен, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді.

Сондай-ақ игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл бағытта «AMANAT» партиясы жанындағы «Жер аманаты» комиссиясының жұмысын айтпай кетпеске болмас. Біздің өңірде аталған комиссияның күшімен өткен жылы 200 мыңнан аса гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылса, биыл жыл басынан бері 94 мың гектар жер қайтарылды. Ал келесі жылдың соңына дейін игеруісіз жатқан тағы 106 мың гектар жер қайтарылмақ.

Расында, Мемлекет басшысы ұсынған жаңа саяси құжаттың мән-маңызы



айрықша. Себебі оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді. Ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Онда еліміздің экономикалық бағдары анық көрсетілген. Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасын ілгерілетуде ауыл-аймақты дамытуға ден қойып отыр. Бұл бағытта да Үкіметке «Ауыл аманаты» жобасын ары қарай да жандандыру туралы нақты тапсырмалар жүктелді.

Біздің өңірден бастау алған тың бастаманың қазіргі аяқ алысы жаман емес. Бүгінгі күні облыста аталған жоба аясында жоспарланған қаражаттың 11,5 млрд теңгесі аударылып, несиелерді мақұлдау және есепшоттарға аудару процесі жүрде.

Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі мәселелердің бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететіні белгілі. Президент Жолдауында бұл мәселеге тектен-тек тоқталған жоқ. Себебі ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет.

Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс. Онсыз шаруалардың күні қаран.

Жолдауда мемлекет басшысы бұл мәселеге де баса назар аударып, 20 жаңа бөген салу, кемінде 15 су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу және 3 500 шақырымдық каналды жаңғыртып, цифрлық тәсілмен бақылауға алу керектігін жеткізді.

Президент айтқан бастамалар партия назарында болады. Партияның сайлауалды бағдарламасында Байзақ ауданында «Ақмола», Меркі ауданында «Андас-1», «Андас-2», «Андас-3», Қордай ауданында «Қалғұтты», «Ырғайты» су қоймаларының құрылысын жүргізу қаралған. Сонымен қатар қазір қолданыстағы Жуалы ауданындағы «Теріс-Ашыбұлақ», Қордай ауданындағы «Қарақоныз», Сарысу ауданындағы «Ынталы» қоймалары жаңғыртылатын болады. Бұл жұмыстар алдағы уақытта партияның қатаң бақылауына алынбақ.

Жолдауда Мемлекет басшысы «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өтті. Үкіметке партиямен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырып, жобаның игілігін бүкіл еліміз көруі қажеттігін баса айтты. Бұл жоба біздің өңірде де табысты әрі нәтижелі іске асып жатқанын айта кеткен жөн. Айталық, мамыр айынан бері облыстағы 10 ауданның 95 ауылында 7 мыңнан аса азамат оқуға тартылды.

Оқу барысында азаматтарымыз қаржылық мәселелерді шешу, ағымдағы несиелерді азайту, қолма-қол ақшаны басқару және шығындарын онтайландыру сынды қаржылық басқаруды жан-жақты меңгеріп шықты. Сондай-ақ жаңадан бастаған кәсіпкерлерге бюджетін қалыптастыру, салық есептілігі және қолданыстағы бағдарламалар мен мемлекеттік қолдау бойынша қаржыландыру шарттарын тиімді пайдалану мақсатында 350 бизнес-жоспар дайындауға көмек көрсетілді.

Еліміздің бүгінгі күнге дейін жеткен жетістігі аз емес. Әлемдік аренада ойып тұрып өз орнымызды нақтыладық. Дегенмен еліміздің басты байлығы берекелі бірлігімізде жатыр. Сондықтан бабалар аманатына адалдық танытып, табанды еңбек етуіміз қажет.

**Дауыл БЕЙСЕНҚҰЛОВ,
«AMANAT» партиясы
Жамбыл облыстық
филиалының төрағасы**

**Лұқбек ТҰМАШИНОВ,
Мәжіліс депутаты:**

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА ЖАҢА КОДЕКС ҚАБЫЛДАҒАН ДҰРЫС

– Жолдауда айтылған әрбір тапсырма уақыт жоғалтпай істелуге тиіс. Өйткені өнеркәсібі өркендеген елдің өндірісі алға адымдай берері анық. Кеше Президент те бұл туралы жақсы айтты. Сол үшін өндірісті дамыту мәселесін күн тәртібіне қою қажеттігін жеткізді. Бұл – өте орынды айтылған үндеу. Себебі өндіріс пен құрылыс бірге жүреді. Өкінішке қарай, қазір жеңіл өнеркәсіп тоқтап қалды. Кезінде ауылдағы жүн, тері, ет өнеркәсібі жүріп тұрғанда халық шаруашылықпен айналысты. Қазір ауыл халқы жунді айтпағанда, картоп егуді қойды. Сондықтан азық-түліктің бағасы өсіп жатыр. Осы күні жұрттың аузынан тек қымбатшылық туралы ғана еститін болдық. Себебі халық жеміс-жидек пен көкөніс екенді қойды. Бұрын ауданда дайындау мекемелері жұмыс істейтін. Олар жиын-терін кезінде ауыл адамдарының өнімдерін сатып алып, ауданға дайындау бөлімдеріне барып өндіретін. Ары қарай қаладағы өнеркәсіптерге, азық-түлік дүкендеріне тапсыратын. Осы арқылы ауыл адамдары өз өнімдерін қосымша ақша табатын еді. Мысалы, сол кездері 15 қойы бар адамдар көктемгі жуннің 12-20 келісін өткізіп, көліктің жарты бағасын шығаратын. Қазір жүн мен тері қажетке жарамайды. Өткен жолы сауалыма жауап берген Ауыл шаруашылығы министрі жуннің 7 пайызы ғана өндірілетінін айтты. Ал кешегі қиын заманда сиырдың терісін, туяғын, мүйізіне дейін өндіріп, сабын жасайтын. Сол үшін ауыл халқының еңбегін еш кетірмеу үшін дайындау мекемелерін қайта даярлау қажет.

Қазір ауыл адамдары баласын мектепке киіндіру үшін малын қалаға апарып сатады. Екі ортада өздері шығынға ұшырайды. Бұрын ет пен малды ауылдан шықпай өткізетінбіз. Етті таразыға салып өлшеп, қолма-қол ақшасын төлеп алып кететін. Меніңше, өзімізде шығарылатын өнімді даярлап, дұрыс сақтай алсақ, дүкен сөрелерінде отандық азық-түлік артар еді. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Су министрлігінің өз алдына жеке министрлік болып құрылуы да саладағы



қордаланған көп мәселені оң шешілеріне септігін тигізеді деген сенімдемін. Үкімет жұмысына заң тұрғысынан қолдау білдіріп, көмек қолын созуға даярмыз. Қажет болса құрылыс саласына қатысты кодекс қабылдайтын уақыт келді. Себебі біз әлі күнге дейін Кеңес үкіметіндегі кодексті қажетке жаратып жүрміз. Салдарынан құрылыс сапасыз. Сұрау жоқ, қадағалау жоқ. Ал шетелде жобалық институт мердігер компанияны өзі таңдап алады. Содан кейін оның жұмысын өзі қадағалайды. Авторлық бақылау деген осы. Техникалық бақылау да өзіне міндеттелген әрбір жұмыстың сапасына басыммен жауап береді. Ал бізде жобалық институттар жоба жасайды, ақшасын алып алады. Ары қарай шаруасы жоқ. Негізінде, бізде шетелдегідей бастадың ба, сапасына дейін сонына жауап беретін жауапкершілік жүкте керек.

Кеше бір бауырым «Ел жылда елу елдің қатарына кіре аламыз ба?» деп сұрақ қойды. Егер біз қазір жер қойнауымыздағы табиғи байлықты бағалап, дұрыс қолдана білсек, кәдеге жарата алсақ, 50 емес, ондықтың қатарына оп-оңай кірген болар едік. Сондықтан болашаққа үлкен сенім артамын. Жолдауда кадрлық тағайындаулар туралы мәселе де өте орынды айтылды. Бұл айтқанды да Үкімет өз жөнімен орындай алса, не істеп, не айтпай отырғанын білмейтін басшылардан тазарары сөзсіз. Жолдаудың ерекшелігі де осында деп ойлаймын.

ҚОСШЫДА ЕКІ МЕКТЕП АШЫЛДЫ



Ақмола облысының Қосшы қаласында 1 500 және 1 200 орынға арналған екі жаңа мектеп ашылып, пайдалануға берілді.

Бірінші мектеп – 1 500 орындық мектеп-гимназия жеке инвестиция есебінен салынды. Мектеп құрылысы 2022 жылы басталған, пайдалануға 2023 жылдың тамыз айында берілді. Мектеп толық жабдықталған, оқу кабинеттері қажетті компьютерлік жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ғимаратта 360 орындық асхана, 280 орындық акт залы, екі спорт залы, төрт информатика кабинеті, музыкалық аспаптар кабинеті, буфет, кітапхана, үш кітап қоймасы, сондай-ақ гимназияда (қыш шеберханасы, роботтехника, фотостудия кабинет сияқты) арнайы кабинеттер бар. Бұдан бөлек, химия, физика, биология, технология кабинеттері барлық қажетті жабдықтармен толық қамтылған. Оқу кабинеттері санитарлық талаптарға сәйкес мектеп жиһаздарымен

жабдықталған. Мектеп аумағында футбол және баскетбол алаңы бар.

Екінші жаңа мектеп – мемлекеттік тілде білім беретін 1 200 орындық білім ордасы. Ғимарат оқу кабинеттерінің саны – 50. Химия, физика, биология, технология кабинеттері, қажетті жиһазбен толықтай жабдықталған. Оқу ордасында 384 орындық асхана, 600 орындық акт залы, ауданы 520 шаршы метр спорт залы, металл, ағаш, мата өңдеу шеберханалары, алғашқы әскери дайындық кабинеті бар. Мектеп аумағында футбол және баскетбол алаңы да қарастырылған.

Айта кетейік, жаңа 2023–2024 оқу жылының басында 7 мектепке Қосшы қаласы бойынша 10 809 оқушы барады. Жалпы, биыл 1 қыркүйекте Ақмола облысы бойынша партияның сайлауалды бағдарламасы аясында 5 мектеп пайдалануға берілді. Олар Көкшетау және Қосшы қалаларында, Өтеміс және Жібек жолы ауылдарында орналасқан.

СУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫС – ОНЫ БАСҚАРУДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында қамтылған өзекті мәселенің бірі – еліміздегі су шаруашылығын дамыту. Президенттің пайымынша, аталған олқылықтың орнын толтыру үшін өте батыл және шұғыл шаралар қабылдануы қажет.

Ең бастысы, мемлекет үшін аса маңызды осы салада өз алдына жеке Су ресурстары және ирригация министрлігін құру – 30 жылдан астам уақыттан кейін ғана қолға алынғаны қуантады. Су тапшылығы жылдан жылға артып отырған қазіргі таңда көптеген елдер су ресурстарын басқару саясатын өзгертіп, осы саладағы мемлекеттік бақылауды күшейтуде. Оларда су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бірінші вертикаль ретінде мамандандырылған мекеме дербес жұмыс істейді.

Осыған орай, Мемлекет басшысы жылдар бойы қордаланған және әлі күнге дейін өз шешімін таппай отырған проблемалар мен кемшіліктерді қадап айтты.

Шынында да, халық санының өсуі мен ел экономикасының қарқынды дамуын ескерсек, 2040 жылға қарай су тапшылығы жылына 12-15 км3 жетуі мүмкін. Бұған бірнеше фактор ықпал етеді. Біріншіден, климаттың өзгеруі, ол мұздықтардың азаюына әкеп отыр. Өз кезегінде бұл өзендердің су қорына әсер етті, яғни жыл сайын олардың ағыны төмендеп бара жатқаны байқалады. Тағы бір маңызды фактор – судың 48%-ын көршілес мемлекеттерден: Қытай, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Ресейден алып отырмыз. Бұл – трансшекаралық өзендер арқылы сумен қамтамасыз ету көбінесе көршілерімізбен келісімшарттық қарым-қатынастарға байланысты деген сөз. Шешімін таппаған ауқымды мәселелер осында жатыр, бұған жана министрлік ерекше назар аударуға тиіс. Жоғарыда айтылғандай, су – бұл шектеулі ресурс, оның көлемінің азаюы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Сондықтан ел Президентінің маңыздылығы бойынша суды мұнай, газ, металдармен салыстырғаны кездейсоқтық емес. Қазірдің өзінде суармалы жерлер бүкіл егіс алқабының 7%-ын ғана алып жатыр (20,6 млн га), өсімдік шаруашылығы өнімі құнының 40%-ын құрайды. Сонымен қатар біздің фермерлер суару гектарының мүмкіндіктерін толық пайдаланбайтын мойындауымыз керек. Егер барлық агротехникалық нормалар мен ережелерді сақтасак және жоғары сұрыпты тұқымдарды қолданатын болсақ, бұл көрсеткішті екі есе арттыруға болады.



Себебі суармалы жерлерде барлық көкөніс дақылдары, сондай-ақ күріш, мақта, соя, қант қызылшасы және басқа да ауылшаруашылық дақылдары өсіріледі.

Қазіргі қордаланған мәселе су шаруашылығы саласындағы жылдар бойғы үздіксіз реформаларға байланысты да күрделене түсті. Мысалы, Су ресурстары комитеті бір ведомстводан екінші ведомствоға 6 рет көшті, бұл су шаруашылығын басқару жүйесіне де, су шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуға да кері ықпалын тигізді.

Мемлекет басшысының су үнемдеу технологияларын енгізу арқылы оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға кеңейту туралы тапсырмасы өте маңызды болып табылады. Тапсырма өте өзекті, бірақ бұл оңай шаруа емес. Себебі бүгінде суды үнемдейтін технологиялармен қамтылған суармалы жерлердің ауданы жалпы суармалы егістіктің 280 мың гектарына ғана құрайды, бұл – 1470 мың гектар немесе 19%.

Ауыл шаруашылығының ғалым-маманы ретінде бірден айтпайық, бұл істі тиімді бастау үшін Үкімет Қазақстан аумағында заманауи суару жүйелеріне қажетті құралдар шығаратын зауыт салу жөнінде шұғыл шаралар қабылдауы тиіс. Әйтпесе, бұл тапсырманы орындау өте қиын болады.

Соңғы жылдары суды үнемдеудің маңызды компоненттерінің бірі – мелиорациялық желінің жағдайы қатты алаңдаушылық туғызуда. Мамандардың пайымы бойынша, олардың тозуы 60%-дан асты, бұл ретте суармалы алқапқа жеткізетін судың жоғалуы 40%-ды құрап отыр.

Мемлекет басшысының Жолдауында кемінде 3,5 мың шақырым арнаны жаңғырту және цифрландыру міндеті қойылған, ол үшін қаржы ресурстары ғана емес, сонымен қатар су шаруашылығы инфрақұрылымының нысандарын жобалау мен салуды сапалы орындай алатын мамандандырылған ұйымдар да қажет.

Суармалы сумен қамтамасыз етудің маңызды көздерінің бірі – еріген және тасқын суды жинақтау бойынша су қоймаларын салу. Еріген суды жинақтау жөнінде осындай міндет бұрын да қойылған болатын, бірақ ол жүзеге асырылмады. Жылдар бойы ауылдағы су пайдаланушылар үшін тарифтерді көтеруге «тыйым» салынды. Суды суару қажеттіліктері үшін қолдану барысында оны табиғи ресурс ретінде де, егістікке су беруде де болмашы күнмен есептеліп пайдаланылды. Бұл оның талан-таражға салынуына, суды үнемді пайдалануға деген ынтаның жойылуына әкеп соқты, яғни Президент атап өткендей, судың көлемкелі нарығы пайда болды. Тариф белгілеудің жаңа тәсілдерін енгізу су пайдалану қызметкерлерінің жалақысын арттыру, сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың техникалық жайкүйін жақсарту бойынша көптеген мәселелерді шешуге, жоспарлы жұмыстар жасауға мүмкіндік береді. Тарифтік саясат су көзіне қолжетімділік, оны пайдалану мүмкіндігі деңгейінде құрылуы тиіс. Әрбір өзен бассейні үшін судың нақты құнын анықтау қажет. Онсыз суды үнемді пайдалану мүмкін емес. Бүгінгі күні «Қазак су шаруашылығы» РМК белгілеп берген суармалы бөліністе судың бүкіл республикаға бірінші тарифі – ақылға қонымсыз. Бұл тәсіл өте қолайсыз және әлемдік тәжірибеге қайшы келеді.

Мұндай ысырапшылыққа жол беру – мемлекетке өте тиімсіз екені белгілі. Өзендер ағынының жартысы көрші елдерге байланысты екенін және олардың да өз суармалы жерлерін қарқынды дамытып отырғанын ескеруіміз қажет. Бұл жағдай қазіргі кезде кеңінен қолданылатын жерүсті суару әдісінің орнына суарудың заманауи әдістерін (бұрқу, тамшылату, топырақ асты) енгізуді талап етеді. Сондықтан суармалы егіншілік саласында мемлекеттік қолдау саясатын өзгерту қажет. Мемлекеттік қолдау тек суды үнемдейтін

технологияларды енгізетіндерге ғана көрсетілуі тиіс.

Су үнемдеу технологияларын енгізу және суды оңтайлы тұтынуды экономикалық ынталандыру шараларын қолданумен қатар су шаруашылығы инфрақұрылымын шифрландыру, оның ішінде суды пайдалануды есепке алу, мониторинг-

жерасты тұшы суын біржола жоғалтып жатырмыз.

Келесі бір өзекті мәселе – халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бойынша мамандандырылған пайдаланушы ұйымдар жоқ. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша, еліміздегі 235 орталықтандырылған және 483 жергілікті сумен жабдықтау көзі иесіз болып табылады.

Бізге сумен жабдықтау нысандарын салуға сұраныс бар, бірақ оларды күтіп ұстауға тиісті сұраныс жоқ.

2010 жылы құрылған «Қазушар» РМК жұмысына көп сын айтылуда. Ғалымдар мен мамандар осы құрылымның қызметін талдай отырып, басқарманы («Қазушар» аппараты 70-тен астам адамнан тұрады) шамадан тыс орталықтандыру облыстық буынның әлсіреуіне алып келді деген қорытындыға келді. Сонымен қатар кейбір аудандарда мамандар мүлдем жоқ, бұл гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігіне байланысты өзекті проблемаларды туындатып отыр.

Су мәселелерін шешу осы салаға қажетті кадрларды дайындаудан

“

Су мәселелерін шешу осы салаға қажетті кадрларды дайындаудан басталатыны анық. Сондықтан Президент Үкіметке ғылыми және кадрлық әлеуетті нығайту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

теу және болжаудың өзектілігі артады.

Климаттың аридизацияға (құрғақшылыққа) ұшырау жағдайында жерасты сулары біздің стратегиялық қорымыз болып табылады. Ең алдымен олардың қорлары мен сапасын объективті бағалап, жерасты суларының нақты дәлдік картасын жасау қажет. Мұндай іргелі зерттеулер ғалымдар мен гидрогеологтердің қатысуымен мемлекеттің қатаң бақылауымен жүргізілуі керек. Өкінішке орай, бұл жұмыс қазір көп жағдайда жеке ұйымдарға берілген. Еліміздегі мыңнан астам ауыл жергілікті су-мен жабдықтау жүйелері есебінен (ұңғымаларды бұрғылау және блок-модульдерді орнату арқылы) сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі деп жоспарлап отырмыз, бірақ қазірдің өзінде онда жерасты суларының бекітілген қорларының дұрыстығы күмән туғызады.

Тағы бір мәселе, елде өздігінен ағатын иесіз 2 200-ден астам ұңғыма бар. Қуаттылығы тәулігіне 50 м3 дейінгі су тартқыштарды салу үшін қазір арнайы су пайдалануға рұқсат алудың қажеті жоқ, яғни мұндай ұңғымаларды жек келген адам бұрғылай алады. Осылайша, біз стратегиялық ресурсымыз –

басталатыны анық. Сондықтан Президент Үкіметке ғылыми және кадрлық әлеуетті нығайту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Су саласында білікті кадрлардың – гидротехниктер, гидротехникалық құрылыстардың инженер-құрылысшылары, гидрогеологтер, гидрологтер, гляциологтердің тапшылығы байқалады. Атап айтқанда, Су ресурстары комитетіндегі қызметкерлердің көпшілігінің осы салада практикалық тәжірибесі жоқ, 38 адамның тек 18-і ғана су шаруашылығының мамандары. «Қазушар» РМК жүйесіндегі 7 010 адамның тек жартысының ғана тиісті бейіндік білімі бар, бос жұмыс орындарының саны 652 бірлікті (немесе қызметкерлер штатының 9,3%-ын) құрайды. 8 бассейндік басқармада 182 адам жұмыс істейді, ал мамандардың айтуы бойынша әлі де 420 қызметкер қажет.

Ерекше назар аударатын жайт, жана су нысандарын дұрыс жоспарлау және салу – мемлекеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылуына ғана емес, сонымен қатар, судың тиімсіз жоғалуына әкеп соғады.

Гидротехникалық құрылыстар мен бөгеттердегі апаттар көбінесе сол жердегі қызметкерлердің кәсіби маман болмауынан туындайды.

Бүгінде су шаруашылығы үшін кадрлар дайындау Қазақстанның 8 жоғары оқу орнында жүргізіледі. Бұлтыр еліміз бойынша су ресурстары және су пайдалану, гидрология, гидрогеология сияқты мамандықтарға 334 білім гранты бөлінді, оған тек 217 талапкер қабылданды. Яғни, бөлінген білім беру гранттарының 35%-ы игерілмей қалды. Егер елде жыл сайын 200-ден астам су маманы ғана дайындалса, онда бұл саланы тиімді басқаруды қалай қамтамасыз етеміз?

Қазіргі жағдайды талдай отырып, біз осы мәселені тудыратын бірқатар факторды анықтадық.

Талапкерлердің «беделді» деп саналмайтын осы мамандықтарды таңдауға ынтасы жоқ, себебі олардың көпшілігі ауылдық жерлерден келеді, олар аз стипендияға, төмен жалақыға және т.б. қанағаттанбайды.

Сондықтан біз су саласы үшін кадрларды дайындау жүйесін шұғыл түрде қайта қарауымыз керек.

Ең алдымен, жастардың осы сұранысқа ие мамандықтарды игеруге деген ынтасын арттыру қажет. Ол үшін бакалавриат білім алушыларының стипендиясын «Педагогикалық білім беру» және «Денсаулық сақтау» бағыттары бойынша стипендия деңгейіне дейін, яғни 36 660 теңгеден 58 800 теңгеге дейін ұлғайту қажет.

Кадрларға сұранысты анықтау мониторингінің тетіктерін жетілдіруіміз қажет. Сондай-ақ ауыл мектептерінің түлектеріне ауылдық квота бөлу тетігін жетілдіру, ауыл шаруашылығы, оның ішінде су мамандықтары бойынша оның көлемін 35%-дан кем дегенде 50%-ға дейін арттыру қажет.

Мамандарды дайындау мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, су шаруашылығы саласындағы жұмыс берушілердің өтінімдері және еңбек нарығының сұранысы бойынша жүргізілуі тиіс.

Жоғары оқу орны, кәсіпорын және студент арасында ұшжақты шарт жасау қажет. Бұл ретте, жұмыс берушілер өз кәсіпорындарының базасында студенттердің практикасын, тағылымдамасын ұйымдастыруды міндетіне алады. Алай жөғары оқу орнын бітіргеннен кейін түлектердің сонда жұмысқа орналасуына тапсырыс берушілер кепілдік береді.

Саладағы осындай қордаланған мәселелердің барлығын жанадан құрылатын Су және ирригация министрлігі жүйелі шешеді деп сенеміз. Ең бастысы, оның басшылығына еліміздегі орын алған жағдайды зерделей алатын және су шаруашылығын дамытуға әлеуеті жететін тәжірибелі, заманауи кәсіби кадрлар келсін дейік.

А. КУРШБАЕВ,
ҰҒА Вице-президенті,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры

ҚАҚТАН ДА ҚАРЖЫ ТАУЫП ОТЫР

Алдына нақты мақсат қойып, өзінің кәсібін таңдай алған жанға мемлекет тарапынан жасалатын қолдаудан кенделік жоқ. Тек бойында ынта мен жігер болып, қолынан іс келетінін дәлелдей алса жеткілікті. Сонымен бірге бүгінгі күннің талабы мен сұранысын зерделеп, соған сай еңбек ете білуге тиісті. Кәсіпкерліктің қыры мен сырын меңгеруді де естен шығармағаны абзал. Сыртқа алақан жаймай, қолынан келетін кәсіпті жүзеге асырудың жолын іздеген жандарға жәрдем жасайтын әйелдер кәсіпкерлігінің өңірлік орталығы облыстың әр түкпірінде жүрген еңбекқор әрі ізденімпаз қыз-келіншектерге арман-мақсаттарын орындауға жәрдемдесуде.

Былтыр осы орталыққа көмек сұрап жүгініп, тиісті ақпарат ал-

ғаннан кейін ісін бастауға бел бұған және қысқа мерзімде кәсібінің нәсібін көруге қол жеткізгендердің бірі – кәсіпкер Алмагүл Мұратбек биыл жеміс-жидектен жайма қас жасауды қолға алды. Оның жылдар бойы жүрек түкпірінде аялаған арманы – бизнес-идеясын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асыруға берілген 5 млн теңге сомасындағы грант зор демеу болды. Қолына тиген қолмақатқа қажетті құрал-жабдықтарды сатып алып, қазір Ескелді ауданында үй жағдайында қас өндірісін жолға қойып отыр.

Осылайша, алға қойған мақсатын біртіндеп жүзеге асыруға кіріскен Алмагүл Мұратбек Қонақ Қаде брендінің негізін қалады. Қазір жеруығы Жетісуда өсетін жеміс-жидектердің барлық түрі өсетін ауданда қактың бірнеше түрін жасап, тұтынушылардың таңдауына ие болып отыр. Оның дәмді, ең бастысы табиғи әрі пайдалы өнімдеріне деген сұраныс қазірдің өзінде ар-

та түскен. Жергілікті тұтынушылармен бірге алыс-жақыннан ат арылтып арнайы келетіндер қатары да көбейген.

– Өзімнің бизнес-идеямы жүзеге асыру үшін Алматы қаласынан Жетісу облысына, оның ішінде облыс орталығының жанында орналасқан Ескелді ауданының Қаратал ауылына көшіп келдім. Өйткені алдын ала жүргізген зерделеу барысында осы ауданда жергілікті фермерлер құлпынай мен танқурайды және тағы басқа да жеміс-жидектерді көптеп әрі жақсы өсіретінін біліп алған едім. Жеміс-жидек тұнып тұратын Текелі де іргеді. Кейде текелілік тұрғындардан да жидектер сатып аламын. Негізі, мамандығым – фармацевт. Бірақ бизнеспен айналысып, пайдалы өнім шығарғым келді. Бұл мақсатыма мемлекеттік қолдаудың арқасында қол жеткіздім, – дейді кәсіпкер.

Кәсіпкердің айтуынша, қас жасау – қарапайым өндіріс. Сондықтан оны кез келген әйел үйінде отырып, жүзеге асыра алады.



– Қай-қайсымыз да бала кезімізде алмадан, алмұрттан қас жасалды қой. Үлкендерден көргенімізді істедік. Өзіміз кептірген қактан компот та іштік. Мен де солардың бірімін. Бірақ қазір арнайы құрал-жабдықтардың арқасында жұмыс бұрынғыдан өлкедайда жеңілдеді. Әрине, жеміс-жидектерді жинауға, оларды іріктеп, тазалап, жууға, тасыма-дайытын ыдыстарға салуға біраз уақыт пен күш кетеді. Онан кейінгі жұмыстарға автоматты араластырышты және тағы басқа да құралдарды пайдаланып, уақыт үнемдей аласыз. Бәрін

араластырып алғаннан кейін дайын қоймалжыңды 10-12 сағатқа дегидраторға кептіру үшін жібереміз. Осы уақыт аралығында басқа шаруаларымызбен айналысуымызға болады. Нарықта жайма қас өте қымбат, дегенмен бізде өсетін жеміс-жидектердің түрі көп. Сондықтан жыл бойы сапалы әрі пайдалы жергілікті өнім өндіруді жолға қоюға және одан тұрақты табыс табуға болады, – дейді Алмагүл Мұратбек.

Ол жақында «Бір ауыл – бір өнім» жобасының жеңімпазы атанды. Сол сияқты «Қорғас» ХШБЮ аумағында өткен халық-

аралық көрмеге қатысып қайтты. Қазір өзінің көнілінен шыққан шағын бизнесін жүргізіп, екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы өткізетін шеберлік сыныптары шеңберінде тәжірибе алмасуға белсенді қатысады. Алдағы уақытта кооператив құру есебінен өндіріс ауқымын ұлғайтып, жұмысшылар санын арттырып, үлкен нарыққа шықсам деген жоспары бар.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

ОҚУЛЫҚСЫЗ, ФОРМАСЫЗ БАЛА ҚАЙТЫП КҮН КӨРЕР?

Жаңа оқу жылы басталып та кетті. Бірақ мемлекет тарапынан қарастырылған көмекпен барлық оқушы қамтылмай отыр. Оған мектептердегі орын тапшылығы себеп болған. Жыл сайын мемлекет тарапынан орын жетпеген балаларды жекеменшік мектепте оқытуға арнайы субсидия бөлінеді. Алайда жеке мектепте тегін білім алып жүрген оқушылар оқулықсыз, ыстық тамақсыз, мектеп формасынсыз қалай оқиды?

Көктем ҚАРҚЫН

«ЖЕКЕМЕНШІК» БОЛЫП БӨЛІНБЕУІ КЕРЕК

Мемлекет тарапынан мектеп оқушыларына айырықша қолдау көрсетіліп жатыр. Айталық, биыл 450 мың мұқтаж отбасының балаларына мектепке керек-жарактарын алу үшін 40 мың теңгеден бөлінді. Бұл «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылған. Бұған оқушылар киім-кешек, оқу құралдарын алады. Ал жыл басында бастауыш сынып оқушыларының барлығы тегін ыстық тамақпен қамтылатыны туралы ақпарат шықты.

— Балалардың дамуы үшін сапалы тамақтанудың маңызы ерекше. Балаларды тамақпен қамтамасыз ету стандарттары қайта қаралды. Оның ішінде барлық бастауыш сынып оқушыларын біртүрлі тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету сондай-ақ асханаларда қолма-қол ақшасыз есеп жүргізу жүйесін енгізу қарастырылды, — деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Сондай-ақ оқушылар жыл сайын оқулықтармен де тегін қамтамасыз етіліп келеді. Бірақ министрліктің бұл шарапатын барлық бала бірдей сезініп отырған жоқ. Елордалық Әсем Азаматқызы биыл бірінші сыныпқа барды. Алайда үйінің қасындағы мектепте орын саны толып кеткендіктен, мемлекеттік субсидиямен жекеменшік мектепте білім алуға тура келген.



Елнар ҚАБА (АСТАНА)

— Әсемнің құжаттарын мемлекеттік мектепке өткізді. Бірақ директор мектеп жүктемесінің үш есе артқанын, әр сыныпта 30-40 баладан оқитынын айтып, бізді жекеменшік мектепке жіберді. Басында жекеменшік мектептің білімі жақсы деп қуанғанымыз рас. Бірақ бұл жақта баламыз тегін оқыса да оқулықпен, ыстық тамақпен қамтылмайды екен, — деді Әсемнің анасы.

Бұл мәселе Шымкент қаласында да бар. Жекеменшік білім қауымдастығының төрайымы Айман Бердімбетованың пікірінше, Президенттің мұқтаж оқушыларға біртүрлі көмек беру туралы тапсырмасы толық орындалмайын деп тұр. Себебі жекеменшік мектептерде оқитын мұқтаж оқушыларға көмек беретін заң тетіктері жоқ. 2008 жылы қабылданған №64 қаулының бірінші тармағында «мемлекеттік мектеп» деген ғана сөз жазылған. Сол үшін жекеменшік мектептердегі тегін оқитын оқушыларға мемлекеттің көмегі толық жетпей отыр.

— Министр «1 сыныптан 4 сыныпқа дейін ыстық тамақ беріледі» деп айтса да, заң бойынша бұл талап 64 қаулымен байланысты. Біз Оқу-ағарту министрлігіне барып осы заңға өзгерту енгізуді талап етіп отырмыз. Өйткені жекеменшік мектеп болсақ та, біз оқушыларға мемлекеттік бағдарламамен тегін

білім беріп отырмыз. 2008 жылы бір қаулы шыққан кезде ірі қалаларда саусақпен санарлық қана жекеменшік мектеп болған. Ол кезде жекеменшік мектептерде тек қалталы азаматтардың балалары оқыған. Ал қазір еліміздегі мектептерде орын саны тапшы болғандықтан жекеменшік мектептер көп салынып жатыр. Жекеменшік мектептердің басым бөлігі арнайы квотамен мұқтаж оқушыларды тегін оқытуды. Мемлекеттік мектепте үш ауысымда оқыған оқушылар қазір жекеменшік мектепте бір ауысымға өтіп отыр. Жекеменшік мектептерге бөлінген бағдарламаның арқасында мектептердегі үш ауысым толығымен жойылып, оқу ордалары екі ауысымда білім беруде. Үш ауысымда оқыған әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалары, төтенше жағдайда жетім қалған оқушылар жекеменшік мектепте тегін оқып жатыр. Бірақ мемлекеттік мектептегідей бастауыш сыныптар ыстық тамақпен қамтылмайды. Жоғарыда атап айтқан санатқа жататын отбасылар балаларына ыстық тамақ алып бере алмай отыр, — дейді Айман Бердімбетова.

Оның айтуынша, оқу формасына мемлекеттен берілетін біртүрлі көмек те жекеменшік мектепте оқитын оқушыларға берілген

жоқ. Дәл сол сияқты оқулықтар да қарастырылмаған. Негізі мемлекеттік мектептерге оқулық алу үшін 2 миллиард теңгеге жуық қаражат аударылған. Мектептер үш ауысымда білім берген кезде сол қаржыға оқулықтар алған. Бірақ жекеменшік мектептерге ауысқан оқушылардың мүддесі қорғалмай отыр. Мұқтаж отбасылардан шыққан балалар оқулықсыз қалды.

— Облыстық білім басқармасы мектептерде асып қалған оқулықтарды оқулықсыз қалған жекеменшік мектептерге алып берсе деген ұсыныс айттымыз. Министр Ғани Бейсембаев: «Жекеменшік бала жоқ. Барлығы мемлекетіміздің баласы» деп айтты. Бірақ министрлік 64 қаулыға өзгеріс енгіземіз десе де, заң келесі жылы қаңтар айында ғана қолданысқа енеді. Сонда оқушылар сол уақытқа дейін оқулықсыз, ыстық тамақсыз жүре ме? 2008 жылдан бері орта білім саласында қаншама өзгеріс болды. Министрлік «бала санының бұлай тез өсетінін болжамадық» деп отыр. Оқушылар оқулықсыз қалмасыншы деп бір мектебіме 48 миллион

мен қатар ыстық тамақ берілдер» деп отыр. Бірақ жекеменшік мектеп директоры «қолымыздан келер амал жоқ» дейді.

МЕКТЕП ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮҒА ӘСЕР ЕТЕДІ

Бұрын жекеменшік мектептерде тек жағдайы жеткен отбасының балалары ақылы оқитын. Бірақ қазір мектеп тапшылығының артуына байланысты мемлекет тарапынан орын жетпеген балаларды жекеменшік мектепте оқытуға бөлінетін субсидия саны да артқан. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023-2024 оқу жылы еліміздің мектептерінде 3,9 миллион оқушы білім алуға. Туу көрсеткіші өскен сайын мектептегі орындар саны да көбейіп отыруы керек. Мәселен, соңғы бес жылда Қазақстанда 2,8 миллион бала дүниеге келген. Ал 2020 жылдан бастап бірінші сыныпқа баратындардың жалпы саны 1,5 миллионға жеткен. Мектептегі тапшылық қазірдің өзінде 270 мың орынды құрайды. Туу деңгейінің өсу динамикасын ескере отырып есептейтін болсақ, алдағы үш жылда кемінде 670 мың жаңа орын пайдалануға берілуге тиіс. Апатты мектептер санының 37-ден 55-ке дейін ұлғаюы, үш ауысымда оқитын мектептер санының 143-тен 138-ге дейін баяу қысқаруы бұл мәселені

“

Бұрын жекеменшік мектептерде тек жағдайы жеткен отбасының балалары ақылы оқитын. Бірақ қазір мектеп тапшылығының артуына байланысты мемлекет тарапынан орын жетпеген балаларды жекеменшік мектепте оқытуға бөлінетін субсидия саны да артқан.

тенгеге қарызға кітап алдым. Заң енгеннен кейін жекеменшік мектептерге алынған оқулықтардың ақшасын қайтарып берсе деп ойлаймыз. Осылайша, оқушыларды 70 пайыз оқулықпен қамтамасыз еттім. Бірақ барлық жекеменшік мектептер мұндай қадамға барып отырған жоқ. Ал ата-аналарға өз шамасы жеткен мектеп формасын кигізуге рұқсат бердік, — дейді Жекеменшік білім қауымдастығының төрайымы.

Қазір Айман Бердімбетованың №1 TALANT мектебінде 80 пайыз, №2 TALANT мектебінде 90 пайыз әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың оқушылары оқиды. Ата-аналар «балаларымызға барлығы-

күрделендіре түспек. Ал 132 мың орындық 154 жаңа мектептің пайдалануға берілуі осы оқу жылындағы орын тапшылығын түбегейлі шеше алмасы анық. Мектептерді пайдалануға берудің мұндай қарқыны мен көлемі орын тапшылығының 48,8 пайызын ғана өтей алады. «Қаржы орталығы» АҚ басқарма төрағасы Аскар Ибраимовтың айтуынша, еліміздегі оқушылар саны жыл сайын артып келеді, сондықтан орта білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі — толып кеткен мемлекеттік мектептердің жүктемесін азайту, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру үшін күресте мектептер арасында бәсекелестікті дамыту.

Оның пікірінше, мектеп мәселесі түбегейлі шешілгенге дейін банктер мектеп соғуға 0 пайызға дейін жеңілдетілген несие беруі керек. Мектеп ашатын инвестордың кепілге қоятын инфрақұрылымы болмауы мүмкін. Сондықтан кепіл сұрамай несие алу жағын қарастыру артық етпейді.

2019-2021 жылдары 287 жекеменшік мектеп (94 696 орындық) ашылды. Жалпы, елімізде жекеменшік мектептердің жалпы саны 408-ге жеткен.

Өңірлер бойынша жекеменшік мектептерді ашуда Түркістан облысы (56), Шымкент қаласы (52), Алматы қаласы (41), Астана қаласы (29), Жамбыл облысы (30) көш бастап тұр.

ЖЕКЕМЕНШІКТЕН ЖІК ШЫҚТЫ

Шымкентте жекеменшік білім беру ұйымдарының басшылары наразылықтарын білдірді. Олардың айтуынша, жекеменшік білім беру мекемелеріне мемлекеттік оқу орындарына берілгендей талап қойылады, бірақ жағдай жасалмайды екен.

Оқу-ағарту министрлігі және Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен өткен білім беру саласының кеңесінде айтылған бұл проблемалық ахуал біраз талқыға түсті. Шымкент қаласының кәсіпкерлік палатасында жиналған кеңес отырысында жеке мектептер мен балабақшалардың басшылары жұмыстың сапалы жүргізілуіне кедергі келтіретін мәселелерді атап өтті.

БАЛАБАҚШАҒА ТУРНИКЕТ ҚАНШАЛЫҚТЫ КЕРЕК?

Жеке балабақшалардың басшылары Білім және ғылым министрінің балабақшалардың кіреберіс есіктеріне турникetterді міндетті түрде орнату туралы бұйрығына қатысты сын айтты. Олар есік алындағы осындай тосқауылдар өрт немесе жер сілкінісі кезінде кедергі болады дейді.

«Бізге балабақшаларда бейнебақылау, домофон, шұғыл басқару орталығымен байланыстыратын дабыл түймесі бар. Күзет те бар, енді міне, турникет те қойылды. Террорлық қауіп болса, бұл турни-

кеттер балаларды қаншалықты қорғай алады? Статистика көрсеткендей, елімізде мектепке дейінгі мекемелерде террорлық актілер тіркелмеген. Бізге турникет балалардың ұлттық қауіпсіздігі үшін қажет деп түсіндірді. Онда неге қауіпсіздік кәсіпкерлер есебінен іске асып жатыр? Бұл турникetter негізінен ересек адамдарға арналған, балалар турникеті жоқ. Бала турникеттен өткен сайын басын соғып, шекесін жара жаздайды. Оның үстіне, ата-ана баласын кіреберісте тастап, кіреберістен алып кетеді, олар ішке кірмейді. Егер балабақшаның 12 есігі болса, онда 12 турникет қою керек пе?» — деп наразылық білдірді балабақша басшылары.

Осынау мәселе бойынша Қазақстанның үздіксіз білім беру қауымдастығының төрайымы Лейла Күленова қауымдастық атынан тиісті бұйрықтың күшін жою туралы хат жолдап, Мәжіліс депутаттарының көмегімен депутаттық сауал жолдауға өтініш жасайтын болып келісті.

Жыында сонымен бірге кәсіпкерлер мемлекеттік мектептерге қарағанда жекеменшік білім ордаларының құқығын шектеулі екені айтылды. Педагогтер үшін жеңілдіктер мен көтермелеулерге қатысты барлық нормативтік-құқықтық актіде міндетті түрде «мемлекеттік білім беру мекемелерінің педагогтері үшін» деген сөз бар.

«Мәселен, жекеменшік мектеп педагогтерін тұрғын үймен жеңілдікпен қамтамасыз ету жайын алайық. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Заңында жеке білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне қол-

данылмайтын мемлекеттік мектеп оқытушылары үшін қосымша қолдау шаралары туралы айтылған. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте және кезектен тыс тұрғын үй беру туралы 118-бапқа сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелерінің педагогтері ғана тұрғын үй кезегіне тұра алады (118-бап 14-тармақ)», — деп атап өтті Қазақстанның үздіксіз білім беру қауымдастығы Шымкент филиалының директоры Диана Қараманова.

Жеке мектептер жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша да мемлекеттік мектептерден қалып қойған. Шымкент қаласы бес жылдан бері республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие болғанымен, жеке және мемлекеттік мектептерді жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерінде және бір қала бөлінісінде айтарлықтай айырмашылық бар.

КАДР ТАПШЫЛЫҒЫ ТАҒЫ БАР

«Жекеменшік мектептердің бастауыш сыныптарын жан басына қаржыландыру бір оқушыға — жылына 445 мың теңге. Ал мемлекеттік мектептерде — 572 мың теңге. Сонымен қатар мемлекеттік мектепте біліктілік санаты үшін осы сомадан артық қосымша ақы алады, ал жеке мектепте мұның бәрі мемлекет төлемдерінде «отырады». Сонымен қатар біз оқулықтар мен әдістемелік құралдарды мемлекеттік құралдармен тең шарттарда алғанымыз келеді, педагогтердің біліктілігін арттыруға жұмсалатын шығындарды өтегіміз келеді», — дейді жеке мектеп басшылары.

Жеке білім беру ұйымдарының басшылары білім беру процесін тең



емес қаржыландыруға байланысты тең емес жағдайға қойылды деп санайды. Олар Қазақстандағы үшінші мегаполистің жеке мектептері үшін жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерін ұлғайтуды сұрайды.

«Қазіргі кезде Шымкент қаласында 100-ден аса жеке мектеп бар, онда 3 мыңнан аса қызметкер жұмыс істейді. Білім беру саласында қазір қызметкерлерді ынтылдандыру төмендеген, кадр тапшылығы байқалауда. Осыған байланысты жекеменшік мектептер мемлекеттік мектептермен салыстырғанда негізгі бәсекелестік артықшылығын жоғалтады. Білім беру іс-әрекетінің өзі әлеуметтік сипатта болады. Осыған байланысты бір іспен айналысатын адамдардың құқығы бұзылады», — деп өз ойын атап өтті Шымкент қаласы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Мақсат Өткелбаев.

Жоғарыда атап өтілген проблемалар жүйелі сипатқа байланысты «Атамекен» Ұлттық палатасы проблемаларының тізіміне енгізілгенін, сондай-ақ бұл өзекті

“
Жеке білім беру ұйымдарының басшылары білім беру процесін тең емес қаржыландыруға байланысты тең емес жағдайға қойылды деп санайды. Олар Қазақстандағы үшінші мегаполистің жеке мектептері үшін жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерін ұлғайтуды сұрайды.

жәйт Премьер-Министрдің орынбасары Е.К.Жамаубаев пен Отандық кәсіпкерлер кеңесінің қаруына шығарылғаны жөнінде айтылды. ҰҚП Адами капиталды дамыту департаментінің директоры Азамат Бейсенбенев, нәтижесінде жеке мектептерде оқитын әлеуметтік осал топтағы балаларды тамақ және оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі ішінара шешілгенін жеткізді. «Енді қалған проблемаларды шешу үшін қолданыстағы заңдарға өзгерістер енгізу талап етіледі. Ұлттық палата Оқу-ағарту министрлігіне тиісті ұсыныстар енгізді. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жұмыс іс-

— 2018 жылдан бастап жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мүмкіндігі заңды түрде бекітілді, — деді А. Ибраимов.

Қазір мемлекет тарапынан балаларды жекеменшік мектепке оқытуға жылына 532 мың теңге субсидия бөлінеді. Бірақ кәсіпкерге бұл қаржыдан келер пайда аз. Бөлінетін қаржы балалардың тек түске дейін оқуына ғана жетеді. Бала таннан кешке дейін жүрмегендіктен, үй тапсырмасын мектепте орындамағандықтан, қосымша дамымайды. Ендеше екі ауысымды жекеменшік мектептің мемлекеттік мектептен еш айырмасы жоқ. Astana Garden School мектебінің негізін қалаушы Нұрмұхаммед Досыбаевтың айтуынша, мектеп тапшылығын жекеменшік мектептер шешеді. Бірақ бұл көптеген факторға байланысты. Мысалы, 200-300 балаға арналған мың мектеп саладағы тапшылықты шешпейді. Сондықтан жекеменшік мектептердің сыйымдылығына мән беру керек. Ашылып жатқан жекеменшік мектептер неге шағын? Өйткені мемлекеттің бөліп отырған субсидиялары үлкен мектеп соғуға мүмкіндік бермей отыр.

— Осы мәселені шешу үшін, ең бірінші мемлекет тарапынан бала басына шаққандағы қаржыландырудың көлемін кемінде екі есе көбейту керек. Екінші, Үкімет тарапынан 1000-2000 бала оқитын мектеп салуға жер бөлінуі тиіс. Жер беру процесін жеңілдету керек. Үшінші, мектеп салатын жерлерге коммуникация жеткізу мәселесі реттелсе, бөлінген жер не суы, не жолы жоқ айдала орналасса, жеке инвесторға қиын соғай, — дейді Нұрмұхаммед Досыбаев.

Оның пікірінше, мектеп мәселесі түбегейлі шешілгенге дейін банктер мектеп соғуға 0 пайызға дейін жеңілдетілген несие беруі керек. Мектеп ашатын инвестордың кепілге қоятын инфрақұрылымы болмауы мүмкін. Сондықтан кепіл сұрамай несие алу жағын қарастыру артық етпейді.

2019-2021 жылдары 287 жекеменшік мектеп (94 696 орындық) ашылды. Жалпы, елімізде жекеменшік мектептердің жалпы саны 408-ге жеткен.

Өңірлер бойынша жекеменшік мектептерді ашуда Түркістан облысы (56), Шымкент қаласы (52), Алматы қаласы (41), Астана қаласы (29), Жамбыл облысы (30) көш бастап тұр.

АГРООРТАЛЫҚҚА АЙНАЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ –

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Ауыл шаруашылығы салалары да қазіргі таңда инновациялық технологиялардың көмегімен тиімділігі мен өнімділігін арттыруға бет бұрды. Әсіресе, ғылым мен техниканың бүгінгі жетістіктері агроөнеркәсіптің қарыштап дамуына мүмкіндік беріп отыр. Атап айтар болсақ, жаңа тұқым түрлері, шаруашылықты игерудің тың тәсілдері мен агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру және несиелендіру, сондай-ақ, жаңа технологияны меңгерген жас мамандар сектордың әлеуетін арттыруға өз үлесін қоспақ.

Кәмила ЕРКІН

Әлем халқы 2050 жылға қарай 10 миллиард адамға жетеді деген долбар жасайды ғалымдар. Сәйкесінше, халықтың көбеюі азық-түлікке деген сұранысты арттырады. Экономикалық ынтымдастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (FAO) жариялаған «Ауыл шаруашылығы болжамына» сәйкес, 2027 жылға қарай әлемдік астық өндірісі 13 пайызға ұлғаяды. Демек, алдағы уақытта агробизнес компаниялары дәнді дақылдар өндірісін ұлғайту мақсатында егістік жерлерді көбірек сатып алатын болады. Сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенінің өнімдеріне деген бұрын-соңды болмаған сұраныс көлемі ірі субъектілерді инновациялық технологиялардың көмегіне жүгінуге жағдай жасайды.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы

шегірткелер. Орта Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда жыл сайын дерлік шегіртке зиянкестерінің белгілі бір түрлерінің жаппай көбеюі байқалады. Осыған байланысты фитосанитариялық бақылаудың онтайлы жүйесін қолдану арқылы шегірткелердің зиянды түрлерінің популяциясын фитосанитариялық бақылау және басқару маңызды.

— Солтүстік Қазақстан — республикадағы экономикалық маңызы бар егіншілік өңір. Сонымен қатар аймақтың табиғи-климаттық ерекшелігі шегірткелердің барлық түрлерінің таралуы үшін онтайлы орта болып саналады. Жаппай көбейе бастаса, үйірлеспей, салт жүретін шегірткелердің өзі үйірмен жүретін түрлерінен кем зиян келтірмейді. Табиғи ауылшаруашылық жерлері осындай шегірткелер үшін тамаша резервуар. Ауыл шаруашылығы дақылдарының жайылымдық учаскелерге тікелей жақын орналасуы осы тектес фитофагтардың қоныстануына қолайлы етеді. Мұндай зиянкестер республиканың ауылшаруашылығына елеулі қауіп төндіреді. Осыған байланысты өсімдіктерді қорғау



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехнологиялық зерттеу университетінің «АӨК цифрландыру саласындағы технологиялық құзыреттілік орталығы» мамандары осы бағытта түрлі зерттеу жұмыстарын жүзеге асырғанын көреміз. Орталық басшысы Фараби Керімбайұлы Ермековтің айтуынша, әлем бойынша ең үздік «ақылды» ауыл шаруашылығы тұжырымдамасының бірі — АҚШ-тың DSSAT моделі. Бүгінгі таңда «АӨК цифрландыру саласындағы технологиялық құзыреттілік орталығы» DSSAT моделі негізінде:

- ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлерін өндіру үшін агротехнологияларды пайдалану тиімді шешімдерін жасау;
 - мал және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша ғылыми-техникалық құжаттаманың дерекқорын құру (ореп API);
 - СҚО базасында ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өсуі мен дамуының пысықталған моделін әзірлеу;
 - пайдаланылған ауыл шаруашылығы технологияларын топырақ және климаттық жағдайлармен ерекшеленетін Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне көшіру жүйесін қалыптастыру;
 - далалық деректерді қашықтан анықтау және мониторинг жүзеге асыру үшін дрондарын ұшуын жүргізу және спутниктік суреттерді талдау бойынша жоба жасап шығарған.
- Жерді қашықтан зондтау құрылғылары арқылы екі түрлі жолмен деректер алынады. Біріншісі жер үсті ұшу құрылғылары арқылы, екіншісі — ғарыштағы жер серіктері арқылы. Екі әдістің де мүмкіндіктері жоққа шығара алмаймыз. Біз қазіргі таңда LANDSAT, Sentinel, Planet.com секілді халықаралық жер серіктерінің кескіндерін пайдалану арқылы талдаулар жасаймыз. Оның ішінде, Planet.com жер бедерінің кескіндері

түсіргіш пен гиперспектральды камералар орнатылған. Тікушақ типтес Gaia 160 және Gaia 120 көмегімен 200-ден астам каналдан алынған үлкен деректер (BigData) жасанды интеллектің көмегімен өңделеді, — дейді орталық басшысы.

Ғалымның айтуынша, соңғы бірнеше онжылдықтағы ауа райы, топырақ құнарлылығы және т.б. маңызды мәліметтерді енгізу арқылы ең қарапайым, яғни сарапшы денгейіндегі жасанды интеллектің өзін пайдалануға болады. Мәселен, орталық мамандары БҰҰ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (FAO) тапсырысымен терен оқыту арқылы ауыл шаруашылығында құрғақшылықты болжау геопорталын әзірлеген. Жобаға сәйкес ұлттық деңгейде құрғақшылықты бақылауға алынады. Әрі жасанды нейрондық желілер (ins), машиналық оқыту және терең оқыту негізінде мәліметтерді салыстыру және бейімдеу жұмыстары жүзеге асырылады. Сонымен қатар жоба аясында 2000 жылдан 2021 жылға дейінгі құрғақшылықтың агротехнологиялық мониторингінің нәтижелері бар геопортал әзірленеді. Бұл шаруаларға алдағы уақытта қандай өнімділік алуға болатынын болжауға мүмкіндік бермек.

Жерді қашықтан зондтау арқылы алынған ақпараттар біржақты қолданылмайды. Барлық мәліметтерді мамандардың өзі тікелей сол аумаққа барып, нақтылығын тексереді. Бір сөзбен айтқанда, инновациялық құрылғылардан алынған ауқымды деректер нәтижесі табиғи жолмен сәйкестендіріледі. Ал жылу түсіргіш арқылы мал шаруашылығына электронды жайылым түрін енгізуге мүмкіндік аламыз.

— Геоапараттық және ЖКЗ технологияларының әр түрлі сандық шешімдерін қолдана отырып, Смарт-фермаларды әзірлеуге болады. Бұл ЖКЗ деректерінің кө-

айындауға және ет бағытындағы жайылым айналымының схемасын әзірлеуге мүмкіндік береді. Жақында ауыл шаруашылығын министрлігінің тапсырысымен «Жерді қашықтан зондтау арқылы жайылымдарды ұтымды пайдалану жүйесін» әзірлеп шығардық. Тіпті, аталмыш технологияны пайдалану арқылы цифрлық карталары бар гео-портал әзірлеуге болады, — дейді орталық басшысы.


Ауыл шаруашылығында ғылымның мұндай жетістіктерін пайдалану бүгінде трендке айналып үлгерді. Мәселен, Aitas Agro аграрлық кәсіпорын өндірістік және басқару процестерін бақылап

«Жалпы, CROPWISE, ERP және BI аналитикасы сияқты Agri-tech технологияларын пайдалану Aitas Agro-ға өндіріс пен басқару процестерін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Бұл инновациялық шешімдер ауылшаруашылық өнімдерінің өнімділігін, сапасын және тиімділігін арттыруға көмектеседі», — делінген компания хабарламасында.

Ауыл шаруашылығындағы технологиялық революция агротехнологияның болашағын айқындай түседі. Мамандар, ауыл шаруашылығы технологиясының жетістіктері, соның ішінде автоматтандыру және деректерге негізделген шешімдер қабылдау алдағы жылдары салада түбегейлі өзгерістер әкеледі деп болжайды. LeadConnect халықаралық аналитикалық компаниясының мәліметінше, агросекторға әсер ететін ең үлкен технологиялық тенденциялар қатарында дәл егіншілік, автономды ауылшаруашылық жабдықтары, тік егіншілік, блокчейн технологиясы, жасанды интеллект және машиналық оқыту, ауыл шаруашылығындағы цифрлық егіздер, робототехника және автоматтандыру және биотехнология бар.

Дәл егіншілік — бұл өнімділік пен тиімділікті арттыру үшін технологияны қолданатын ауыл шаруашылығының бір түрі. Фермерлер дрондар, датчиктер және

SUPERCAM350 ұшқышсыз ұшу аппараты: оптикалық камера, мультиспектрлі камера және жылу түсіргіш



сала. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді» — деп атап өтті. Президент заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кететінін де нақтылана болатын.

«Агробильді дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек. Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Дикантарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар жана сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн», — деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде агроөнеркәсіп жиі пайдаланатын жаңа технологияның бірі — геоапараттық жүйелер мен жерді қашықтан зондтау құрылғылары. Осы бағытта зерттеу жүргізіп жүрген мамандар жертерлік. Құрмет Байбусенов — геоапараттық жүйе мен Жерді қашықтан зондтау әдістерінің инновациясы негізінде Солтүстік Қазақстанның егіншілік аудандарындағы шегірткелерді фитосанитариялық бақылау бойынша зерттеу жүргізген ғалым. PhD докторы, Биология, өсімдіктер қорғау және карантин кафедрасының қауымдастырылған профессоры Құрмет Серікұлының айтуынша, шегіртке зиянкестері әртүрлі факторлардың әсерінен мезгіл-мезгілімен көбейіп, дақылға зиян келтіруі мүмкін. Шегірткенің негізінен екі түрі болады: бірі — жалғыз, салт жүретін шегірткелер екіншісі — үйірмен жүретін

құралдарын ұтымды пайдалану мақсатында популяциялардың құрылымы, стадиялық емес шегірткелердің биоэкологиялық ерекшеліктері бойынша зерттеулер өте өзекті, — дейді ғалым.

Осы мақсатта Солтүстік Қазақстанның егіншілік аудандарында қорғаныс іс-шараларының тиімділігін арттыру маңызды. Сондай-ақ Құрмет Байбусенов қауіпті зиянкестерден болатын апаттың алдын алу үшін геоапараттық жүйеге негізделген технологиялар мен қашықтан зондтау әдістері негізінде салт жүретін шегірткелерді фитосанитариялық бақылау әдістемесін әзірлеп шығарған. Зерттеу нәтижесінде 2020-2022 жылдардағы зерттеулер кезеңінде зиянды салт жүретін шегірткелер санының көпжылдық динамикасының өзгеру заңдылықтарын анықталып отыр.

— Сараптамалық зерттеулерде 1999-2021 жылдардағы деректерді пайдаланылды. Осылайша, жалғыз жүретін зиянкестер санының динамикасы көбіне абиотикалық факторлар мен ауа райы жағдайларына, сондай-ақ жүргізілген пестицидтік өңдеулердің көлеміне байланысты екендігі анықталды. Солтүстік Қазақстан облыстарындағы шегірткелер популяциясы негізінен астық алқаптарында таралады. Ал майлы және бұршақ дақылдарында өте аз кездеседі немесе мүлдем кездеспейді. Егіс алқаптарында шөп жетіспесе ғана олар басқа дақыл аумақтарына ауысады. Біз зерттеу жұмысы барысында геоапараттық жүйеге негізделген технологияларды және жерді қашықтан зондтау деректерін пайдалана отырып инновациялық фитосанитария мониторингі әдістері жасалды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес Павлодар және Қостанай, Ақмола облыстарында зиянкестердің қоныстану ықтималдығы жоғары деген қорытынды жасауға болады, — дейді Құрмет Серікұлы.

GAIA 160 және GAIA120 (тікушақ типті) ұшқышсыз ұшу аппараты: оптикалық камера, мультиспектрлі камера және лидар



135 жер серіктің көмегімен 24 сағат, яғни тәулік бойы алынғандықтан зерттеу нәтижесінің дәл шығуына септігін тигізеді. Екіншіден, орталықтағы SuperCam350, Gaia 160 және Gaia 120 оптикалық және мультиспектрлі камералары бар ұшқышсыз ұшу аппаратын қолдана отырып ауқымды мәліметтерге қол жеткіземіз. Ұшқышсыз ұшу аппаратында көп спектрлі камералар мен лазерлік лидар, жылу

мәгімен шаруашылықтардағы жайылымдық жерлерге мониторинг жасауға, жайылым массасының маусымдық өнімділігі мен тағамдық құндылығын анықтау үшін жайылым учаскелеріне жер үсті геоботаникалық зерттеулер жүргізуге, ГАЗ технологиялары арқылы алынған деректермен жердегі зерттеулерге салыстырмалы талдауға, жайылымдардың сыйымдылығын қоралар бойынша

VERIS ISCAN зертханалық кешені



реттеу үшін соңғы үлгідегі цифрлық технологияларды қолданады. Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында 35 мың гектардан астам жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын егумен айналысатын бұл компанияда 450-ге жуық қызметкер жұмыс істейді. Aitas Agro алқаптарында күнбағыс, жаздық және күздік бидай, сыра қайнататын арпа, бұршақ, жасмыс, рапс сияқты түрлі дәнді және майлы дақылдар өсіріледі. Егістік өнімділігі жылына шамамен 70-80 мың тонна өнімді құрайды. Компания өкілдерінің мәлімдеуінше, мекеме процесті басқарудың CROPWISE, ERP және BI аналитикасы секілді үш компоненттен тұратын бірыңғай цифрлық жүйесін қолданады.

CROPWISE — бұл егістіктерден, агрооперациялардан цифрлық деректерді жинайтын, өнімділік пен гектарға кететін шығынды болжайтын және онлайн режимде техниканың GPS бақылауын жүзеге асыратын деректерді жинау жүйесі. Ол өндіріс процестерін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді, өндіріске әсер ететін барлық факторды ескеруге және жиналған мәліметтер негізінде жылдам әрі дәл шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

ERP — аналитика үшін деректерді есепке алу және қалыптастыру жүйесі. Ол тауарлық-материалдық қорларды басқару, бухгалтерлік есеп операциялары және персоналды басқару секілді жұмыстарда өндірістік процестердің толық есебін қамтамасыз етеді. ERP бизнесті тиімдірек және дәл басқаруға мүмкіндік береді.

BI-аналитика — деректерді өңдеу және визуализация жүйесі. Ол GROUPWISE және ERP-ден жиналған деректерді өңдейді және пайдаланушыға ыңғайлы түрде көрсетеді. BI аналитикасы ауылшаруашылық кәсіпорындарына нақты мәліметтер негізінде жүйеленген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

басқа да ақылды құрылғылардың көмегімен егіннің жай-күйі, топырақтың ылғалдылығы және ауа райы жағдайлары туралы ақпарат жинай алады. Осы ақпараттың арқасында дақылдарды басқару, суару және тынайқыштар туралы тиімді шешім қабылдауға болады. Фермерлер нақты егіншілікті енгізу арқылы тұрақты өнім алады және шығындарын азайтады.

Сонымен қатар қазіргі таңда ауыл шаруашылығында автономды ауылшаруашылық жабдықтарын пайдаланудың өсуі байқалады. Елімізде де ірі агрохолдингтар тракторлар мен дрондар арқылы әртүрлі жұмыс орындарын автоматтандыруға мүмкіндік алып отыр. Осылайша, шаруалар уақытты үнемдеп, еңбек шығындарын азайтады және дәлдікті арттырады. Тік егіншілікке келер болсақ, бұл жасанды жарықтандыру арқылы арналы сөрелерде дақылдарды өсіру үшін қолданылады. Ауыл шаруашылығында блокчейн технологиясы, әсіресе жеткізу тізбегін басқару және азық-түлік қауіпсіздігі саласында танылмайды. Ал жоғарыда айтып өткеніміздей, деректерге негізделген шешімдер қабылдау үшін ауыл шаруашылығында жасанды интеллект пен Машинаның оқыту қолданылады. Фермерлер ауа райы, егін жағдайы және топырақ ылғалдылығы туралы деректерді талдау үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, егіншілік тәжірибесін оңтайландыра алады. Биотехнология көмегімен өнімділікті арттырып, тағамдық құндылықты жақсартуға және дақылдарды зиянкестер мен ауруларға төзімді етуге болады.

Тұтастай алғанда, сарапшылар «ауыл шаруашылығының болашағы перспективасы, өйткені бұл секторда көбірек озық технологиялар құрылып, енгізілуде» деген пікірде. Бұл технологиялар шаруалардың төуекелдерін азайтуға және табысын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар еліміздің аймақтағы ең ірі агроөнімдерді экспорттаушы аграрлық орталыққа айналуына мүмкіндік береді.



Оралда белгілі газ тасымалдау ісінің майталманы Есет Әзірбаевты еске алу шарасы өтті. Есет Әзірбаев QazaqGaz компаниясын құрған оның тұңғыш Президенті болған адам. Салтанатты жиынға БҚО әкімі аппаратының жетекшісі Нүрділдә Ораз, QazaqGaz АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов және сала ардагерлері қатысты.

Салтанатты жиынға жиналғандар алдымен Есет Әзірбаевтың бюстінің алдына гүл шоқтарын қойып, марқұмды еске алды. Жиынға марқұмның көзін көргендер мен отбасы мүшелері шақырылған.

Есет Әзірбаев Қазақстандағы газ тасымалдау өнеркәсібінің мықты маманы болған. Ол кісінің кәсібилігінің арқасында Қазақстанда газ өндірісі жақсы жолға қойылған делі шарда сөз алғандар.

Есет Әзірбаевтың ескерткіш бюсті Орал қаласындағы агро-техникалық колледжнің алдына орналасқан. Агро-техникалық колледжде Есет Әзірбаев атындағы зертхана бар. Бұл колледж мұнай-газ саласының мамандарын дайындайды. Колледждің ең үздік оқитын екі студентіне Есет Әзірбаев атындағы стипендия тағайындалған.

ЕСЕТ ӘЗІРБАЕВ ДЕГЕН КІМ?

Есет Рауатұлы Әзірбаев – 1942 жылы 14 қаңтарда Башқұртстанда дүниеге келген. Ол газ саласының еңбек сіңірген қайраткері. «Қазақгаз» ұлттық компаниясын құрған адам. Оның тұңғыш президенті. ҚР Инженерлік академиясының академигі. Ұзақ жылдар Башқұртстан, Ресей, Ливия секілді мемлекеттерде табысты еңбек еткен. Мұнай-газ өнімдерін халық игілігіне пайдалану мақсатында, білімін, тәжірибесін, күш-жігерін аямай жұмсап, сонымен бірге қалдырған білікті басшы ретінде танылған тұлға. Көзін көргендер көп сөйлемейтін, сабырлы істің адамы болатын еді деп еске алады.

«ГАЗ САЛАСЫН ЭКОНОМИКАНЫҢ ДРАЙВЕРІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН ТҮЛҒА»

Есет Әзірбаевты еске алу шарасына Алматы мен Астанадан арнайы меймандар келген. Олардың бәрі газ саласының ардагерлері. Құрметті қоғаммен Есет Әзірбаевтың ұрпақтары Новенький ауылындағы Орал компрессорлық станциясының ауласына жиналды. Себебі бүгін көптен күткен қуанышты сәт. Сала

ардагерлері бірнеше жылдан бері айтып жүрген ұсыныстары қолдау тапқан күн. Дәл осы күні газ саласының білікті менеджері, ғалым Есет Әзірбаевтың есімі «Орал» компрессорлық станциясына берілді. Себебі ол кісі «Қазақгаз» компаниясының тұңғыш Президенті. Әрі осы станцияда бірнеше жыл жемісті еңбек еткен.

«Орал» компрессорлық станциясы бүкіл Қазақстанды, қала берді Еуропаның кей қалаларын газбен қамтып тұрған станция. Салтанатты жиында сөз алған QazaqGaz АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов былай деді.

— Біз бүгін Есет Әзірбаевтың еңбегіне, жасаған қызметіне тағзым етуге, құрмет тұтуға арнайы Орал қаласына келіп отырмыз. Ол кісі 1991-1992 жылдары осы «Қазақгаз» компаниясының құрылуына үлкен еңбек сіңірген адам. Сол жылдардағы жасаған еңбегі үшін біз «Орал» компрессорлық станциясына сол кісінің есімін беріп жатырмыз. Себебі осы компания кезінде алғашқы газ компаниясы болып құрылды. Өте қиын кезеңдерде осы Есет Әзірбаев үлкен стратегиялық шешімдер қабылдап, газ саласын экономиканың драйверіне айналдырды. Ол кісінің көрегендігі, стратегиялық көзқарасы еліміздің экономикасының алға жылжуына үлкен септігін тигізді. 1990 жылдары шашырап жатқан газ қожалықтарын бір компанияға біріктіру де осы Есет Әзірбаевтың идеясы болған. Біздің жас мамандар Есет Әзірбаев атамызға еліктеп, қызметінен үлгі алып өсуі керек, — деді QazaqGaz АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

Есет Әзірбаевты еске алу шарасына жиналғандар марқұм туралы естеліктерімен бөлісті. Есет Рауатұлының қол астында жұмыс істеген шәкірттері, замандастары ол кісінің мықты стратег басшы болғанын айтты.

— Ол өз ісінің білгірі. Одан бөлек Есет Әзірбаевтың ерекше қасиеті отансүйгіштігі. Ол кісі қайда жүрсе де еліне қызмет етуді қалайтын. Елге келіп газ-мұнай саласындағы ірі компанияны ашуы, жас

ЕСЕТ ӘЗІРБАЕВТЫҢ ӨНЕГЕСІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

мамандарды тәрбиелеуі осының айғағы. Оны қанша шет елдер жұмысқа шақырса да ол бармай осы Оралда қалды. Елге қызмет етті. Отанға деген жанкешті еңбегі өте жоғары еді, — деп атап өтті «КАТЭК» ЖШС-ның бас директоры Құндыз Нупов.

Есет Әзірбаев көзі тірісінде қайырымдылық шараларымен көп айналысқан адам болған. Әсіресе, жастардың өлеуметтік мәселесіне жүрдім-бардым қарамайтын, қолдан келген көмекті аямайтын жылы жүректі басшы болыпты. Ол туралы Есет Әзірбаевтың көзін көрген шәкірті Танбай Наушиев айтып берді.

— Мен Есет Әзірбаевпен 1970 жылы таныстым. Жап-жас жігіт еді. Мен техникүм бітіріп келген жас маманмын. Мені жұмысқа алды. 1991 жылы Есет

Ал белгілі ғалымның баласы болса әкесінің көзін көрген барша ардагерлерге алғысын жеткізді.

— Менің әкемді ұлықтап, өткен өмірін айтып, естеліктермен бөлісіп жатқан баршаның алғысымды білдіремін. Әкем қайда жұмыс істесе де ұяттан атмай еңбек етті. Ол осы Орал қаласынан кеткісі келмейтін. Себебі ата-анасынан алыстағысы келмейтін. Ақтауда қызмет етті. Одан кейін Саратов қаласына жұмыс бабымен ауысты. Одан кейін Ливияда қызмет атқарды. 1991 жылы қайтадан осы Орал қаласына келіп қызмет етті, — деді халық алдында сөз алған Есет Әзірбаевтың ұлы Рустам Әзірбаев.

қоздеп, Оралға орала беруі де сол қан тамыры жібермеген болып тұр деп күліп еске алды марқұмды білетіндер.

Ал салтанатты жиынға қатысқан БҚО әкімі аппаратының жетекшісі Қазақстан экономикасына қосып отырған газ саласы мамандарының еңбегі зор екендігіне тоқталды.

— Қазағымның тарихында Есет Әзірбаев секілді бағдаршам болатын, шамшырақтай жарқыраған тұлғалары бар еліміздің еңсесі әрқашан биік болары сөзсіз. Біз газ саласына еңбек сіңірген азаматтарымызды дәріптеп, олардың есімдерін ұлықтап жүрсе ертенгі ұрпаққа да үлгі. Газ саласына еңбек сіңірген, өмірлік дүниесімен қаншама азаматтарға үлгі болған ардагер ағаларымыз отыр. Сіздерге басымды иіп, алғыс айтамын. Газ саласының біздің елдің әлеуеті үшін, экономикасы үшін үлкен маңызды тетік екенін білесіздер. Қазір әлемнің өзі түрлі қазба байлықтарды іздеп, зәру болып отыр. Біздің даламызда қазба байлық жетеді. Соның ішінде осы газ саласында еңбек сіңіріп, осы мәселе ертенгі ұрпақ үшін молынан қалсыншы, берекесі болсыншы деп жүрген сіздерге алғыс білдіремін, — деді облыс әкімі аппаратының жетекшісі Нүрділдә Ораз.

Р. С:

Қазақстан қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мерекесін атап өтеді. Бұл табиғат байлығын тиімді игеріп, елімізге жарату жолында еңбек етіп жүрген геолог пен бұрғышылар, мұнай өңдеуші мен құбыршылар, құрылысы мен игерушілер — түрлі мамандық иелерінің кәсіби мерекесі. Дәл осы кәсіби мерекеге санаулы күн қалғанда белгілі газ саласының маманы, мықты менеджер Есет Әзірбаевтың есімі Орал компрессорлық станциясына берілуі де өзгеше салтанатты мәнге ие болғандай.



Әзірбаевтың бастамасымен осы Оралда ұлттық газ компаниясы құрылды. Әрине, онай болған жоқ. Есет Рауатұлының қайсарлығының арқасында ол завод жұмысы жүріп кетті. Кейін осы облысқа пайдасы келе бастады. Есет Әзірбаевтың жеке басы туралы айтсам, ол кісі сол қылышынан қан тамып тұрған Кеңес үкіметінің кезінде өмір сүрсе де, өте батыл шешімдер қабылдаған көшбасшы еді. Ол кісі жастарға үлгі-өнеге болудың үлгісін көрсеткен адам. Сол кездің өзінде араб тілін өте жетік білген адам. Әкесі де, шешесі де құранды оқи алатын адамдар еді. Ол кісі үш жыл Ливияда қызмет атқарған адам, арабшасы деген өте жоғары деңгейде еді. Есет Әзірбаев адамдармен қарым қатынастың өте жоғары мәдениетін көрсеткен адам еді. Өте ұстамды, көп сөйлемейтін адам.

Есет Әзірбаевтың шәкірті, «КАТЭК» ЖШС-ның бас директоры Құндыз Нупов солтүстік өңірлерге газ тарту идеясын 1991 жылы Есет Әзірбаев ұсынды. Ол ұсыныс араға бірнеше жылдар салып жүзеге асты ғой. Қазір газ Астанаға тартылып жатқаны сол идеяның дұрыс болғандығының дәлелі деп атап өтті.

Есет Әзірбаевтың тамыры Батыс Қазақстан облысында. Ол өзі Башқерияда туып, өссе де ата-анасы осы Орал топырағының адамдары. Нақтырақ айтсақ, әкесі Жәнібек ауданы, ал анасы Бөкей Орда ауданының тумасы болған. Қанша жырақта жүрсе де елге қызмет етуді



ТЕКТІ ӨНЕРДІ ДӘРІПТЕГЕН «ТЕКЕМЕТ»

«Креативті индустрияны дамыту керек». Бұл — «Текемет» колөнер шеберханасының құрылтайшыларының бірі Тоқжан Бабиевтің сөзі. Жарнама индустриясынан колөнер өнеркәсібіне ауысқан қос құрбы қазір Орал қаласында этностильдегі картиналар жасайтын шеберхана иесі атанып отыр. Этностильде шеберхана ашу идеясы сонау жылдары Италияға сапары барысында пайда болыпты.

Кеше ғана Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында креативті индустрияны дамыту қажеттігіне тоқталды. Соның ішінде медиа, дизайн, кино сияқты ірі индустриялар бар.

— Экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт — медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, акпараттық технология салаларын қамтитын креативті индустрия. Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» салалары шынайы инклюзивті экономиканы дамытудың қайнар көзі саналады. Бұл аз десеңіз, креативті экономика дарынды әрі шығармашыл адамдарды өзіне тартатын ірі қалалардың дамуына ықпал етуші күшке айналуда. Қазақстанда бұл сала әлі дамымаған. Креативті индустрияның ішкі жалған өнімдегі үлесі бір пайызға да жетпейді, жұмыспен қамту саласындағы үлесі өте төмен. Дегенмен дарынмен бүкіл әлемді мойындатып жүрген отандастарымыз аз емес, — деді Президент.

Иә, шынымен біздің елде креативті индустрияны дамыту қажет. Бұл туралы



бізбен сұхбаттасқан «Текемет» колөнер шеберханасының иесі де айтып отыр.

«Біздің картиналарды Америка, Марокко, Испания, Германия, Ресей елдері өте жақсы алады. Олар сыйлыққа беру үшін арнайы тапсырыспен алдырады. Еуропада дизайн өдемі, этностильдегі картина сыйлау ерекше құрметті білдіреді. Олар біздің картиналардың бағасына қарамастан өте жақсы алады», — дейді Тоқжан Бабиева.

«Текемет» колөнер студиясының жұмыс істегеніне көп бола қойған жоқ. Бұрын жарнама саласында табысты еңбек етіп келген екі қыз — Салтанат Қоспаева мен Тоқжан Бабиева ойлана келе, осы этностильдегі шеберхана ашуды ұйымдастырады. Этностильдегі шеберхана ашу туралы алғашқы ой Италияға сапар кезінде пайда болған.

— Қасымдағы серіктесім Салтанат Қоспаева Италияға барды. Сол кезде сый-

қалаларындағы ірі көрмелерге қатысып, біраз танымалдыққа ие болды. Бүгінде ол шеберханада 5 адам жұмыс істейді. 2020 жылы мемлекеттен 5 млн теңгенің қайтарымсыз грантын алған.

— Біздер ұлттық стильдегі картиналар жасаймыз. Шежіре жасаймыз. Оралда шежіре жақсы өтеді. Оған сұраныс көп. 2020 жылы мемлекеттен қайтарымсыз грант алдық. Сол ақшаға заманауи құрылыс сатып алып, орнаттық. Қазір сонымен іскерлік әлеміне қажетті сыйлықтарды басып шығарамыз. Ал таза шығармашылық жұмыстың бәрі қолмен жасалады, — дейді Тоқжан Бабиева.

Сөз реті келгенде айта кетейік, біздің елде қазір кәсіп ашамын дегендерге мемлекеттік қолдау баршылық. Солардың ішінде мемлекет беретін қайтарымсыз гранттар көп адамның жолын ашқаны рас. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де қайтарымсыз гранттың қайырын көргендердің бірі.

“

Біздің картиналарды Америка, Марокко, Испания, Германия, Ресей елдері өте жақсы алады. Олар сыйлыққа беру үшін арнайы тапсырыспен алдырады. Еуропада дизайн өдемі, этностильдегі картина сыйлау ерекше құрметті білдіреді. Олар біздің картиналардың бағасына қарамастан өте жақсы алады», — дейді Тоқжан Бабиева.

лыққа бір этностильдегі картина жасап алып кеткен еді. Италиядағылар картинаға қатты қызыққан. Шетелдіктердің біздің өнерге деген қызығушылығы бізге Орал қаласында «Текемет» колөнер шеберханасын ашуға түрткі болды, — дейді Тоқжан Бабиева.

Бұл 2015-2016 жылдары еді. Содан бері колөнер шеберханасы Астана, Алматы

БҚО-да биыл қайтарымсыз гранттар үшін 137,7 млн теңге ақша бөлінген. Осы ақшаға жоспар бойынша 30-ға жуық адам қайтарымсыз грант алады деп күтіліп отыр.

«Грантты кез-келген адам ала алады. Бастысы, жаңашыл идеясы болуы керек. Және кәсіпкер ретінде тіркеліп, 2-3 адамды жұмыспен қамтуы қажет. Жоғарыда сіз

атаған «Текемет» колөнер студиясы грнатты 2020 жылы алды. Қазір жемісті жұмыс істеп тұрған жобалардың бірі», — дейді БҚО Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының бөлім басшысы Мирам Қабдығалиев.

«Текемет» колөнер шеберханасы Ду-байда өткен фестивальге қатысқан. Болашақта Өзбекстан мен Түркияда көрме өткізуді жоспарлап отыр.

Колөнер шеберханасында дайындалатын картиналардың бағасы 15 мыңнан басталып, 600 мыңға дейін барады. Әр картинаның мәні, терең мағынасы бар. Көп картиналар қазақтың әдет-ғұрпы, ырым-тұйымдарымен үндесіп жатыр.

Мәселен, «Ұшқан ұя» картинасы қара шаңырақ, өскен орта, ұядағы тәлім-тәрбие негіздеріне негізделіп салынған.

Мұндай картиналар өте көп. Өкінішке қарай, «Қазақстанда әзірге қымбат картиналарға сұраныс аз», — дейді біздің кейіпкеріміз.

— Президент «креативті индустрияны дамытуды қолға алу керек» деді. Мұны естіп біз қуанып отырмыз. Шынымен де елдегі креативті индустрияны көтеру керек. Сонда халықтың сана сезімі де өседі. Тұрмыстан басқа рухани өсу дегенді де ұғынады. Сана деңгейі жоғарылай береді. Бұл деген тұнып тұрған өнер ғой. Соның ішінде этностильдегі туындылар деген тұнып тұрған қазақтың өз тарихы, өзі жүріп өткен жолы. Оны насихаттау бәрімізге міндет, — дейді Президент Жолдауынан қолдау тапқанына риза болған Тоқжан Бабиева.

БҚО бойынша қайтарымсыз гранттарды беру биыл да жалғасатын. Жаңашыл, тың идеяларға қолдау көрсеткен абзал. 2022 жылы 46 грант берілген. «Биыл 30-ға жуық грант беріледі деп жоспарланып отыр», — дейді сала мамандары.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



КӨНЕ ТҮРКІ РУХЫ ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

Күздің басы Алматы жұртшылығы үшін ежелгі дәуірге саяхат жасаумен бастау алды. Қала күніне орай жоспарланған шаралар көп. Солардың алғашқысы – «Ұлыдала – көшпенділер әлемі» халықаралық этномәдени фестивалі.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Боралдай» саяхат жасаумен бастау алды. Қала күніне орай жоспарланған шаралар көп. Солардың алғашқысы – «Ұлыдала – көшпенділер әлемі» халықаралық этномәдени фестивалі.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Боралдай» саяхат жасаумен бастау алды. Қала күніне орай жоспарланған шаралар көп. Солардың алғашқысы – «Ұлыдала – көшпенділер әлемі» халықаралық этномәдени фестивалі.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Боралдай» саяхат жасаумен бастау алды. Қала күніне орай жоспарланған шаралар көп. Солардың алғашқысы – «Ұлыдала – көшпенділер әлемі» халықаралық этномәдени фестивалі.



Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Боралдай» саяхат жасаумен бастау алды. Қала күніне орай жоспарланған шаралар көп. Солардың алғашқысы – «Ұлыдала – көшпенділер әлемі» халықаралық этномәдени фестивалі.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Боралдай» саяхат жасаумен бастау алды. Қала күніне орай жоспарланған шаралар көп. Солардың алғашқысы – «Ұлыдала – көшпенділер әлемі» халықаралық этномәдени фестивалі.

қызмет көрсетуде. Шараның басты мақсаты – тұрғындарға мәдени өнімді сапалы ұсыну, – дейді Мәдениет басқармасының басшысы Ғ.Майлыбаев.

Әрмен қарай садақшылар мен найзашылар топтасқан аймаққа атбасын бұрдық. Алаңға кірген бойда садақшылар сайысының үстінен түстік. Ал садақ ату алаңынан әрі қарай ат ойындарына арналған аймақ бар. Мұнда кыз қуу, аударыспақ, тенге ілу, асауға құрық салу, көкпар сияқты ұлттық ойын түрлері өткізіледі екен. Қызығы, дәл осы екі алаңнан шетелдіктердің қарасы көп екенін аңғардық. Әзербайжан, Түркия, Мажарстан, Малайзия, Башқұртстан, Дағыстан, Чувашия, Алтай, Бурятия, Өзбек-



стан және Қырғызстан мемлекеттерінен келген спортшылар ұлттық ойын түрлерінен бақ сынасты. Солардың бірі – түркиялық Умутжан Челик. Қолына мемлекеттік туын ұстаған Умутжанды сайыс аяқталған соң өңгімесізге тарттық:

– Фестивальге садақ ату жарысына келдік. Өзім Түркияданмын. Қырғыз елінде білім алып, сонда студент болдым. Мұнда қырғыз достарымызбен келдік. Фестивальдің арқасында түрік бауырларымызбен де жолықтық. Қазір садақ ату жарысынан шықтым. Түркияда да садақ ату өнерінің бірнеше түрі бар. Бұл фестиваль түрік мәдениетін қайта жаңғыртады. Осыған ұқсас шаралар Қазақстан және Қырғыз Республикасымен салыстырғанда Түркияда аз. Былтыр Қазақстанның Атырау қаласында болдым. Бүгін Алматыға бірінші рет

халық пайдасына жарап, қажетін өтеген. Ұлттық өнерді дәріптеп жүрген Тамара Кәлқызы да көшпенділер әлемі фестиваліне арнайы келіпті. Текеметтің жасалу жолын тамашалау үшін қыз-келіншектерден өзге кішкентай балалар да айналасына жиналып қалыпты. Тамара Кәлқызы атақәсіптің осы күнге дейін өзектілігі жойылмағанын, керісінше үйінің бір бұрышын қазақ бөлмесіне арнайтындығын қатары көбейгенін айтты:

– Қазақ малмен күн көрдік. Сүтін ішіп, етін жедік. Адамдар жүннен жасалатын заттардың экологиялық таза өнім әрі денсаулыққа ешқандай зияны жоқ екенін түсініп келеді. Ою деген абстракт нәрсе ғой. Ою негізі екі жаққа бөлінеді: шығыс

және оңтүстік. Әркім өзінің отырған орнының ерекшеліктеріне сай ою түрлерін пайдаланады. Мысалы, шығыстың адамдары қошқармүйіз сияқты үлкен оюларды пайдалана, оңтүстіктің адамдары қыяқ, қызанақ, гүл секілді кескіндерді оюға кіргізіп жатады. Бұл шеберлердің көзқарасына, түсінігіне, шамасына байланысты. Текеметті көлеміне қарай әртүрлі уақытта жасап шығарамыз. Тапсырыс қабылдаймыз.

Киіз үйлерге қойылған өнімдерді тамашалай жүріп, қазақы ою-өрнектермен әрленген дүкенге тап болдық. Мұнда кыз жасауына арналған ұлттық нақыштағы заманауи туындылар топтасқан. Құрақ көрпелерге қолданылатын мата түрлері Қытай, Қырғыз Республикасы, Түркия, Өзбекстан елдерінен арнайы алып келінді. Ұлттық өнерді тамашалауға келгендердің қарасы көп. Тігін цехының қызметкері Баршагүл Молдахан алдағы уақытта құрақ көрпелерін брендке айналдырғысы келетінін айтты:

– Бір құрақ көрпені 4-5 қыз бірігіп, 2-3 сағатта бітіреміз. Бір адам кіріссе, көрпені тігуге бір немесе екі күн арнайды. Өзім төрт күнде 6 көрпе, 6 жастық кесте шығара аламын. Көрпелердің бағасы 8 000 теңгеден басталады. Ең қымбаты – 70 мың теңгеге дейін барады. Құрақта үйлесім болуы керек. Қазаққа ең киелісі – тырна құрақ. Төрт құбылан тен болсын деген ниетпен төрт жағынан салынады. Бұл ою түрлері кез келген нәрсеге салына бермейді. Біз көбіне қошқар мүйіз оюын қолданамыз. Сондай ою түрлерін кейбірі көрпешеге қойып жатады. Алайда төрт мүйіз бар оюды тек қана төрге, сүйеніп отыруға қоюға болады. Бұрын ата-бабаларымыз жоқтан бар жасап, қыздарын абыройлы ұзатқан. Жақындары алып келген, сандықтағы қалдық маталарды құрап қыздарының артынан дүние алып барған. Мен шәкірт баптайтын болғандықтан оюдың мағынасын түсініп, сезініп істеймін. Сондықтан жұмысым өзіме қатты ұнайды. Маталарды өзіміз арнайы барып алып келеміз, – дейді Баршагүл Молдахан.

Ауқымды шараның гала концертіне 10-нан астам мемлекеттен келген этномұзыканттар өнер көрсетті. Қала тұрғындары мен қонақтар ат спорттық және айтты өнерін, көшпенділердің жауынгерлік және жекпе-жек ойындарын тамашалап, ұлттық тағамдардан дәм татты. Фестивальге келушілер көтеріңкі көңіл күймен тарқасты. Алматы күніне арналған мерекелік іс-шаралар қыркүйек айының соңына дейін жалғасады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ҚЫСҚЫ БАЛДЫҢ ДЕБЮТАНТТАРЫ ІРІКТЕЛДІ

Елорданың Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театрында дәстүрлі Қысқы қайырымдылық балдың дебютанттар кастингі өтті.



«Болашақ» корпоративтік қоры ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуы және дарынды жастарды қолдау мәселелеріне қоғамның назарын аудару үшін 2012 жылдан бастап Қысқы қайырымдылық бал өткізеді. Бұл шара – дәстүрлі түрде бизнестің, дипломатиялық корпусының, қоғамдық және саяси топтардың өкілдерін жинайтын еліміздегі жалғыз бал. 11 жыл бойы балдың қонақтары классикалық вальстен «жалынды» латинаға ұласатын дебютанттар биі, салтанатты кешкі ас, бағалы лоттар аукционы бар ғажайып атмосфераға бөленеді.

Биылғы XIV Қысқы қайырымдылық балдың дебютанты кастингіне 300-ге жуық адам қатысты. Іріктеудің екі кезеңінен: хореографиялық байқаудан және ұйымдастырушылармен өңгімелесуден сәтті өткен 30 үміткер дебютант атанды. Үш ай бойы олар балда орындайтын әртүрлі кәсіби бал билерін үйренді. Дебютанттарды биге Қазақ ұлттық хореография академиясының аға оқытушысы, Спорттық би федерациялары қауымдастығының мүшесі Евгений Моисеев дайындайды.

«Осы балдың арқасында біз құқықтар мен мүмкіндіктер тең инклюзивті, ашық қоғам құрып жатырмыз. Балдан түскен қаражатқа біздің қор

ерекше балалары бар отбасылардың өмір сүру сапасын, инклюзивті білім беру саласында мамандарды даярлау сапасын арттыратын озық әлемдік тәжірибелерді, ғылыми дәлелденген тиімді әдістермен енгізеді. Сонымен қатар біз бүкіл ел бойынша инклюзивті алаңдар желісін құрдық, соның арқасында аутизм және дамуында басқа ерекшеліктер бар 800-ден астам баланы үйдегі оқытудан шығардық. Елдегі тұңғыш мінез-құлық талдаушыларын оқытып, бүгінгі таңда енді олар ерекше балалармен жұмыс істейтін жүздеген педагогты оқытып жатыр, – деп атап өтті «Болашақ» корпоративтік қоры Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Динара Гапхан.

Айта кетейік, аталмыш бал өткізілген 11 жыл ішінде 150-ден астам демеуші мен серіктес тартылып, 880 миллион теңгеден астам қаражат жиналды. Түскен қаражатқа 85 мамандандырылған оңалту мекемесі ашылды және жарактандырылды, 3 000-нан астам маман оқытылды, 500-ден астам жұмыс орны құрылды, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға 120-дан астам білім беру және жол жүру гранттары берілді.

ҮШ ПАЛУАНЫМЫЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Бішкекте грек-рим күресінен есту қабілеті зақымданған қадеттер арасында әлем чемпионаты өтті. Жарысқа 16 мемлекеттен 160-тан астам спортшы қатысты.



Қазақстандық палуандар әлем чемпионатында 3 «алтын», 2 «күміс» және 1 «кола» медальді еншіледі. Сейткерім Дамир (48 кг), Жолдахан Ердаулет (55 кг) және Жанлос Мұстафаулы (60 кг) алтын медаль жеңіп алды. Омар Жасұлан (65 кг) мен Жылқышыбай Айқын (71 кг) «күміске» қол жеткізді. Ал Камидин Рүстем (51 кг) қола жүлде алды. Сондай-ақ командалық есепте Қазақстан құра-

масы 1-ші орынды, Қырғызстан 2-ші орынды және Армения 3-ші орынды иеленді. Айта кетсек, Бішкекте грек-рим күресінен есту қабілеті зақымданған қадеттер арасында әлем чемпионаты 2-3 қыркүйек аралығында өтті. Әлем чемпионаты 4-6 қыркүйек аралығында жастар және ересектер арасында жалғасатын болады. Ал 7-11 қыркүйек аралығында спортшылар еркін күрестен өнер көрсетеді.

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГІ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАФСАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4346
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114